

ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН  
ЖАЗЫЛУ

www.aikyn.kz

e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com

www.facebook.com/aikyn.kz

@aikyngazeti

# БАУЫРЛАС ЕЛДЕРДІҢ БАҒЫТЫ АЙҚЫН



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазанның 21 күні Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевпен кездесіп, Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасының Жоғары мемлекетаралық кеңесінің екінші отырысына қатысты. Бауырлас ел басшысының сапарында екі жақты ынтымақтастықты тереңдетуге бағытталған бірқатар мәселелер талқыланды.

Мәртебелі мейменмен кездесуінде Қасым-Жомарт Тоқаев: «Сізді мемлекеттік сапарыңыз аясында Қазақстанда қарсы алу – мен үшін үлкен мәртебе. Бұл – елдеріміздің арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынастарды одан әрі дамыту тұрғысынан өте маңызды оқиға. Қазақстан мен Әзербайжан тек достас елдер емес, сондай-ақ бауырлас халықтар. Сондықтан Сіздің еліңізбен сан қырлы ынтымақтастықты өркендетуге баса мән берміз. Қазіргі кезде Әзербайжан Сіздің қуатты көшбасшылығыңызбен халықаралық аренадағы абырой-беделін елеулі түрде арттырды, өз өңірінде ықпалды мемлекет ретінде өте маңызды рөл атқарады. Біз үшін Әзербайжанмен сауда-экономикалық ынтымақтастықты және саяси серіктестікті нығайту – аса өзекті міндет», – деді Мемлекет басшысы.

Ильхам Әлиев қонақжайлық танытқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, қазақ-әзербайжан байланысы барлық бағытта қарқын алғанын атап өтті. Мемлекеттер басшылары сауда-экономика, инвестиция, ауыл шаруашылығы және көлік-транзит салаларындағы ынтымақтастықты нығайту мәселесін жан-жақты талқылады. Сондай-ақ мәдени-гуманитарлық ықпалдастыққа назар аударды. Тараптар аймақтық және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

## «ОРТА ДӘЛІЗДЕ» ОРТАҚ МУДДЕ ТОҒЫСАДЫ

Мемлекеттер басшыларына қазақ-әзербайжан мамандарының Орта дәлізді дамыту бойынша атқарып жатқан жүйелі жұмыстары жөнінде мәлімет берілді.

Қазақстан Президентінің кеңесшісі Әсел Жанасова Орта дәлізді дамыту жоспарын таныстырды. Бұл – Қытай мен Орталық Азия мемлекеттерін Еуропа елдерімен байланыстыратын негізгі көлік-логистикалық бағыт.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиевке Қытайдан Әзербайжанға тасымал көлемінің ұлғаюы Орта дәліздің дамуына тын серпін бергені жөнінде баяндалды. Бүгінде жүк Қытай шекарасынан Грузия порттарына дейін 15-18 күнде жеткізіледі. Болжамға сәйкес, 2030 жылға қарай бұл бағыттағы жүк айналымы үш есе артуы мүмкін.

Мемлекеттер басшыларына Орта дәліздің тиімділігі мен бәсекесіз қабілеттілігін күшейтуге, сондай-ақ Еуразиядағы транзиттік рөлін нығайтуға бағытталған нақты шаралар және басамалар туралы айтылды.

Одан соң Қазақстан мен Әзербайжан президенттері Жоғары мемлекетаралық кеңестің екінші отырысын өткізді. Жиынның күн тәртібінде көлік, логистика, цифрландыру, отын-энергетика кешені, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастық мәселелері қарастырылды.

Мемлекет басшысы мұндай формат Қазақстан-Әзербайжан қатынастарының ерекше сипатын паш ететінін атап өтті.

– Кеңес екіжақты ынтымақтастықтың барлық бағыты бойынша ортақ шешім шығаратын тиімді алаңға айналды. Әзербайжан – Қазақстан үшін ерекше ел, бауырлас мемлекет. Бізді ортақ тарихи тамырлармен, бай рухани-мәдени мұра біріктіреді, менталитетіміз бен ұстанымдарымыз ұқсас. Сан қырлы ынтымақтастығымыз осы мызғымас құндылықтардың негізінде дамып келеді. Ильхам Гейдар оглу, Сіздің Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапарыңыздың маңызы зор. Сіздің сапарыңыз екі ел арасында Стратегиялық серіктестік және одақтастық туралы шартқа қол қойылғанына 20 жыл толған сәтте өтіп жатыр. Мұның символдық мәні бар. Осы жылдар ішінде біз белсенді саяси диалогты жолға қойып, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ықпалдастықтың үздіксіз дамуына берік шарттық-құқықтық негіз қаладық.

Осынау жан-жақты, әрі дәйекті жұмысты екі ел азаматтары да қолдап отыр, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы қазақ-әзербайжан қатынастарының жоғары деңгейге жетуіне, ең алдымен, Президент Ильхам Әлиев елеулі үлес қосқанына назар аударды.

– Сіздің тұрақты қолдауыңызды жоғары бағалаймын. Бүгінгі Әзербайжанның айтулы жетістіктері Сіздің қуатты көшбасшылығыңызбен тікелей байланысты. Әзербайжан мен Армения арасындағы қақтығысты бейбіт жолмен реттеу туралы декларацияның тарихи маңызы зор екенін арнайы атап өткім келеді. Сіз саяси ерік-жігер мен стратегиялық көрегенділік танытып, күрделі түйткілдерді шешудің және келешек ұрпақ тағдыры үшін жауапкершілік арқауын парасатты жолын нұсқадыңыз. Екі ел арасында қол жеткізілген уағдаластық жана кезеңнің бастауы ретінде бүкіл аймақтағы және өңірден тысқары ынтымақтастық көкжиегін кеңейткеніне еш күмән жоқ. Біз бауырлас Әзербайжанның жетістігіне шын жүректен қуанамыз, мықты әрі прогрессивті мемлекет құру жолындағы асқақ мұраттарының орындалуына тілектеспіз. Қазақстан-Әзербайжан қатынастарының әлеуеті орасан зор. Оны толық іске асыруға еш кедергі жоқ. Оған берік саяси сенім де, ортақ құндылықтарымыз да, ең бастысы, халықтарымызды жақындастыруға деген шынайы ұмтылыс та бар, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ Жоғары мемлекетаралық кеңестің екінші отырысында Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев сөз сөйледі.

Келіссөз қорытындысы бойынша президенттер Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасының арасындағы Стратегиялық серіктестік және одақтастық қатынастар туралы шарттың қол қойылғанына 20 жыл толуына орай Бірлескен мәлімдеме қабылдады.

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КӨКЖИЕГІ КЕНЕЙІП КЕЛЕДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиев екіжақты келіссөз және Қазақстан – Әзербайжан Жоғары мемлекетаралық кеңесі отырысының қорытындылары бойынша бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арналған брифинг өткізді.

Мемлекет басшысы ең алдымен, шақыруын қабыл алып, Астанаға мемлекеттік сапармен келгені үшін Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевке шынайы ризашылығын білдірді. Қасым-Жомарт Тоқаев Ильхам Әлиевтің мемлекеттік сапарын елдеріміз арасындағы стратегиялық серіктестікті және одақтастық қатынастарды нығайту жолындағы аса маңызды қадам деп санайды.

– Ильхам Гейдар оглу Әлиев – тарихи масштабтағы көрнекті мемлекет қайраткері. Ол Әзербайжанның тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын қорғауда және нығайтуда шешуші рөл атқарды. Президент Ильхам Әлиевтің ерен еңбегінің арқасында Әзербайжанның халықаралық аренадағы абыройы мен ықпалы еселеп өсті. Оның қуатты көшбасшылығымен Әзербайжан көптеген салада, ең алдымен, әлеуметтік-экономикалық дамуда керемет табыстарға жетті. Ауқымды реформалардың нәтижесі еліңіздің қарқынды өзгерісінен, экономиканың орнықты өсімінен, азаматтардың әл-ауқатының артуынан көрінеді. Әзербайжанның макроэкономикалық көрсеткіштері орнықтылығымен ерекшеленеді және ел өркендеуінің айқын дәлелі, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы бұл сапардың екі ел арасындағы Стратегиялық серіктестік және одақтастық қатынастар туралы шарттың 20 жылдығымен қатар келуінің символдық мәні бар екенін атап өтті. Осы уақыт ішінде мемлекеттеріміз екіжақты ынтымақтастықты өрістетуде зор табысқа жетті.

Мемлекеттер басшылары келіссөздер барысында сауда-экономикалық байланыстарды

кеңейтуге баса мән берді. Екіжақты тауар айналымын жақын арада еселеп, оны бір миллиард долларға дейін жеткізу үшін қажетті шаралар қабылдауға уағдаласты.

– Ауыл шаруашылығы, энергетика, өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, цифрландыру салаларында мүмкіндігіміз мол. Қос тарап бірлескен кәсіпорындар құруға ниет танытты. Бұл мәселеде айтарлықтай алға жылжу бар. Мәселен, трансформатор өндірісін іске қосу жоспарланған, тұрғын үй мен инфрақұрылым нысандарының құрылысы жүргізілуде, кеме жасау саласында ортақ жоба пысықталып жатыр. Үкіметтерге осы бағыттарды бақылауда ұстап, қысқа мерзім ішінде Өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастықты дамытудың жоспарын (немесе жол картасын) қабылдау тапсырылды. Өзара тиімді жобаларды қаржыландыру мақсатында Қазақстан-Әзербайжан тікелей инвестиция қорының қызметін жандандыруға келістік. Екі елдің іскерлік топтары арасындағы қарым-қатынасты одан әрі кеңейту қажеттігіне назар аудардық. Осы ретте сапар аясында өтіп жатқан Қазақстан-Әзербайжан бизнес форумының маңызы зор, – деді Президент.

Мемлекет басшысы келіссөздер кезінде ірі инфрақұрылымдық, соның ішінде Транскаспий халықаралық көлік бағдары секілді стратегиялық тұрғыдан маңызды жобаларды жүзеге асыру барысы қарастырылғанын жеткізді.

– Былтыр бұл бағытта жүк тасымалдау көлемі 62 пайызға өсіп, 4,5 миллион тоннаны құрады. Биылғы көрсеткіштер де көңілге сенім ұялатады, өсім 2 пайызды құрады. Шетелдік серіктестермен бірге шектеулерді жойып, дәліз бойында бірыңғай ұзақ мерзімді тариф орнатуға жұмыс істеп жатырмыз. Бұл барлық бағдар бойынша кедергісіз тасымалдауды қамтамасыз етіп, тиімділікті көтеретіні сөзсіз. Яғни жүк тасымалының көлемін жоспарға сәйкес 10 миллион тоннаға дейін жеткізуге мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, порттардағы терминалдардың қуатын арттыруға назар аударылды. Қазақстан Ақтауда контейнерлік хаб құрылысын жүргізуде. Шетелдік, соның ішінде қытайлық серіктестердің қатысуымен Алят портында салынып жатқан жүк терминалының келешегі зор. Келіссөз барысында жүк экспортына арналған жана Транскаспий паром жүйесін құру мүмкіндігін талқылады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Келіссөздерде энергетика саласындағы ынтымақтастықты нығайту маңызды тақырыптың бірі болды. Бұл бағытта екі елдің де әлеуеті мол.

– Қазақстан мұнайын Баку – Тбилиси – Жейхан бағдары бойынша тасымалдау жөніндегі бірлескен жұмысты ерекше атап өткім келеді. Былтыр Әзербайжан арқылы бұл стратегиялық шикізат транзиті бір жарым миллион тоннаға жуықтады. Жақын арада мұны айтарлықтай ұлғайту қажет. Теңіз табанына төселетін электр кабельдері жобасы ұлттық энергия жүйесін дамытуға серпін береді. Бұл біздің «жасыл» энергия экспортындағы позициямызды күшейте түседі. Әзербайжан аумағы арқылы қазақстандық уран өнімдерін шетел нарықтарына жеткізу аясында ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Осы орайда барлық негізгі басамалар мен жобаларға қолдау көрсеткені үшін құрметті Әзербайжан Президентіне ризашылығымды білдіремін, – деді Президент.

Мемлекеттер басшылары жасанды интеллекттің қарқынды дамып келе жатқанын ескере отырып, IT сектор екіжақты қатынастарға мол мүмкіндік ашатынына тоқталған.

– Қазақстан мемлекеттік қызметті цифрландыруда, IT технологияларды дамытуда тәжірибе жинақтады. Біз осы салада бірлескен жобаларды іске асыруға дайынбыз. Келіссөздер барысында Каспий теңізінің табаны арқылы талшықты-оптикалық байланыс желісін тарту жобасын жеделдетудің маңызын атап өттік. Үкіметтерге оны қысқа мерзім ішінде әзірлеу жөнінде тапсырма берілді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Екіжақты күн тәртібінде мәдени-гуманитарлық саладағы ықпалдастық ерекше орын алады. Сондай-ақ тараптар өңірлік және жаһандық күн тәртібінің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасқан.

– Біз халықаралық саясаттың барлық өзекті мәселелері бойынша ұстанымдарымыз ұқсас екенін атап өттік. Көпжақты құрылымдар аясындағы жұмысты үйлестірудің маңызына мән берілді. Өңірлік және жаһандық деңгейде бейбітшілік, қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайтуға ұмылатынымызды жеткіздік. Баршанызға белгілі, Президент Ильхам Гейдар оглу Әлиев Президент Трамптың белсенді арағайындығымен Вашингтонда Әзербайжан мен Армения арасында бейбіт декларацияға қол қойып, тарихи миссиясын орындады. Қазақстан мұны ресми түрде құптады. Қол жеткізілген келісімдер Оңтүстік Кавказдағы сенімді нығайтып, жалпы ортақ өркендеу үшін жана мүмкіндіктерге жол ашды деп ойлаймын. Жалпы, сапар қорытындысы бауырлас халықтардың игілігі үшін стратегиялық серіктестік пен одақтастық рухындағы қазақ-әзербайжан қарым-қатынастарын одан әрі дамытуға қос тарап та дайын екенін айқын көрсетеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ильхам Әлиев екіжақты байланыстардың жоғары деңгейіне назар аударды.

Қазақстан мен Әзербайжан президенттері Алем АІ халықаралық жасанды интеллект орталығына барды. Орталықта Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиев цифрлық технологияларды дамыту және жасанды интеллектті қолдану жетістіктерімен танысты.



## ҚАЗАҚСТАНҒА ФИНЛЯНДИЯ БАСШЫСЫ КЕЛЕДІ

28-29 қазан күндері Қазақстан Президентінің шақыруымен Астанаға Финляндия Президенті Александро Стубб ресми сапармен келеді.

Сапар аясында мемлекеттер басшылары келіс-сөз жүргізіп, екіжақты ынтымақтастықты дамыту перспективасын, сондай-ақ жаһандық және өңірлік күн тәртібіндегі мәселелерді талқылайды.



## ЕГЕМЕНДІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫ – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ



Құжатқа қол қойылған сәттен бастап Қазақ елі өзінің қазіргі саяси құқықтық, әлеуметтік демократиялық жолдағы ең маңызды қадамдарын айқындап алды. Өйткені декларация қабылданғаннан кейін Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы конституциялық заң қабылданды және егеменді Қазақстанның 1993 жылғы 28 қаңтарда алғашқы Конституциясы қабылданды. 25 қазанды тек тарихи күн деп атап қана өтпей, болашақ ұрпақ үшін, елдің кемел келешегі үшін маңызды екенін ұқтырудың кешенді тұжырымдамасы қажет.

→ 4

## БАСПАНАҒА АПАРАР ЖОЛ



Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында банк секторын сынға алғаны белгілі. Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстандағы банктердің активтері мен қаражаты дамыған елдерге қарағанда орта есеппен бірнеше есе көп пайда әкеледі. Себебі біздің банктер экономикаға несие бергеннен гөрі қаржылық тәуекелі төмен бағыттарға ақша салғанды жөн көреді» деген болатын. Президент банктердің жауапкершілігін күшейту, бұған үнемі жіті назар аудару қажетін нықтады.

(Жалғасы 6-бетте)

23 ҚАЗАН 2025 | БЕЙСЕНБІ



## БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАДЫ

Республика күні қарсаңында Астанада «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы қорытындыланды. Шешуші кезеңге еліміздің әр өңірінде өткен аймақтық турлардың жеңімпаздары қатысты. Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев үздік шыққан отбасыларды құттықтап, лауреаттарды марапаттады.

Алдымен Мәулен Әшімбаев қатысушыларға ілтипат білдіріп, байқаудың Республика күнімен тұспа-тұс келгеніне назар аударды. Ол биыл Егемендік туралы декларацияның қабылданғанына 35 жыл толып отырғанын айтып, дәстүрлі бірегей конкурстың осындай мерейлі дата қарсаңында өткізілуі символикалық мәнге ие екенін тілге тиек етті. Сондай-ақ палата Спикері «Мерейлі отбасы» жобасы ұрпақтар сабақтастығын сақтауға және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге ықпал ететінін атап өтті.

Сенат Төрағасы өз сөзінде ұлтымыздың жана сапасын қалыптастыруда отбасы институты маңызды рөл атқаратынына және бұл мәселе Мемлекет басшысының үнемі басты назарында екеніне де тоқталды.

— Қазақ — қашанда отбасын қасиетті ұғым санаған халық. Отбасының беріктігі мен ынтымағы — ұлттың бірлігі мен тұрақтылығының кепілі. Сондықтан ата-ананы ардақтау, туыстық қатынастарды нығайту сияқты құндылықтар ұлт мәдениетінің өзегіне айналды. Қазіргі таңда Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасымен осы сабақтастықты әрі қарай сақтау үшін ауқымды жұмыс атқарылып келеді. Бұл ретте отбасы институтын нығайтуға, ана мен баланы қорғауға және қоғамда дұрыс құндылықтар жүйесін насихаттауға баса мән беріліп отыр. Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында да отбасыларды қолдауға, ана мен баланың құқықтарын қорғауға арналған маңызды міндеттер жүктелді. Бұл әлеуметтік бастамалардың бәрі елімізде отбасы құндылықтарының нығаюына және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді деп сенеміз, — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясындағы Парламенттің заң шығару қызметі жөнінде айтты. Бұл ретте «Ұлттық қор — балаларға», «Келешек мектептері» сияқты кешенді жобалар және білім беру процесіне

цифрлық технологияларды енгізу жолындағы іргелі істер туралы сөз болды.

Мәулен Әшімбаев «Мерейлі отбасы» байқауының жеңімпаздарын құттықтай келе, қатысушыларға азаматтық жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетіп, адамгершілік және отбасылық құндылықтарды дәріптеуге үлкен үлес қосқаны үшін ризашылық білдірді.

«Мерейлі отбасы—2025» байқауында 20 отбасы жеңімпаз атанды. Олардың қатарында Ақмола облысынан келген шығармашылық отбасы — Мекебаевтар, Алматы облысынан келген колөнершілер әулеті — Бекдайырлар, Ақтөбе облысынан келген Төремұратовтар, Абай облысынан Сыдықбаевтар бар. Республикалық маңызы бар Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жеңімпаздары — Айтқожиндер, Дүйсебаевтар және Нұртаевтар отбасылары. Ал Батыс Қазақстан облысынан Сүйінғаровтар отбасы үздік деп танылды. Қарағанды облысының үлгілі отбасы болып кеншілер әулеті — Ключниковтар атанды. Солтүстік Қазақстаннан механизаторлар отбасы — Өзбековтер, Атырау облысынан теміржолшылар отбасы — Өтеповтер, Қостанайдан жұмысшылар отбасы — Егембердиевтер, Жамбылдан теміржолшылар әулеті Бектасовтар жеңімпаз деп танылды.

Сонымен бірге, Жетісу облысынан мәдени және спорттық мұраны насихаттауға үлес қосып жүрген Бектеновтер отбасы, Павлодар облысынан шахтерлер әулеті — Тұрсынбаевтар, Ұлытау облысынан аграршылар отбасы — Қапбасовтар, Қызылорда облысынан еңбек сіңірген жұмысшылар отбасы — Әбсәдықовтар, Маңғыстау облысынан қоғам қайраткерлері және шаруалар әулеті — Шолтамановтар, Түркістан облысынан агрономдар отбасы — Молдабековтер және Шығыс Қазақстан облысынан ғұмыр жолын табиғатты қорғауға арнаған Жақыповтар отбасы үздік шықты.

## ҚЫТАЙДЫҢ ҚОЛӨНЕР КӨРМЕСІ АШЫЛДЫ

Ұлттық музейде «Өркениет іздері – Қытайдың ежелгі қолөнер жауһарлары» атты көрме қоғам назарына ұсынылды.

Іс-шараның ашылу рәсімінде Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің төрағасы Ерлан Дәкенов Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның құттықтау хатын жеткізді.

Министр өз құттықтауында Қытай және Қазақстан басшыларының қолдауы мен бастамаларының арқасында «Қытайдағы Қазақстанның туризм жылы» және «Қазақстандағы Қытайдың туризм жылы» аясында бірқатар мәдени іс-шара өткізілгенін атаған.

Осы жобалар аясында екі ел арасындағы мәдени және гуманитарлық ынтымақтастық едәуір дамып, өзара түсіністік пен достықтың жаңа деңгейіне көтерілгенін жеткізді.

Сондай-ақ Аида Балаева былтыр Тяньцзинь музейінде өткен «Алтын адам және дәулетті дала: Қазақстан тарихының жәдігерлері» атты көрменің табысты өткенін еске алып, бұл жобаның екі ел

арасындағы саяси сенімге негізделген достық қатынастың айқын көрінісі болғанына зер салды. Министр жаңа көрмеге табыс тілеп, оның Қазақстан мен Қытай арасындағы жоғары деңгейдегі мәдени байланыстарды одан әрі нығайтуға ықпал ететініне сенім білдірді.

Көрменің ашылу рәсіміне Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Хань Чуньлин, қоғам және мәдениет қайраткерлері, сондай-ақ өнерсүйер қауым — барлығы жүзге жуық адам қатысты.

Экспозиция «Қытай керамикасының сазы», «Шеберлік ғажайыбы», «Жібек өрнекті Қытай», «Тяньцзиньнің келбеті» атты бөлімдерден тұрады. Көрмеге барлығы 62 жәдігер қойылған. Олардың қатарында сүйек жазбалар, қыш бұйымдар, нефриттен жасалған әшекейлер және басқа да тарихи құндылықтар бар. Бұл шара екі халық арасындағы достық пен мәдени өзара түсіністікті одан әрі тереңдетуге бағытталған маңызды мәдени бастама саналады.

Ә.САМАТҰЛЫ



## МӘЖІЛІС РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТІ БЕКІТТІ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар 2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы және республикалық, облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2026-2028 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы заңдарды қабылдады.



Құжаттар Премьер-министр Олжас Бектенов пен Үкімет мүшелерінің қатысуымен қаралды.

«2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заң жобасын таныстырған Премьер-министрдің орынбасары — Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин 2026 жылы кірістер биылғы болжаммен салыстырғанда 4,7 триллион теңгеге артып, 19,2 триллион теңгені құрайтынын мәлімдеді. Ол 2028 жылға қарай 23,2 трлн теңгеге дейін өседі деп жоспарланған. Республикалық бюджет шығындары 2026 жылы 27,7 триллион теңгені, 2027 жылы 28,8 трлн теңгені, 2028 жылы 29,8 трлн теңгені құрайды.

Қаржы министрі Мәді Тәкиев бюджеттің әлеуметтік салаға бағдарланғанын атап өтті. 2026 жылы әлеуметтік салаға 10,7 трлн теңге, оның ішінде әлеуметтік төлемдерге — 6,8 трлн теңге, адами капиталға салынатын инвестицияларға 3,9 трлн теңге бөлінеді. Сонымен қатар экономиканы ынталандыруға 1,2 триллион теңге бағыттау жоспарланып отыр, бұл салалық өсудің жаңа драйверлерін ашуға мүмкіндік береді.

— Өңірлерді дамытуға басымдық беруді жалғастыра береміз. Осы мақсатта 2026-2028 жылдарға 581 миллиард теңге, соның ішінде 2026 жылға 300 миллиард теңге бөлінді. Бұл жобалар аса маңызды және республикалық маңызы бар жобалар болып белгіленді. Әкімдіктердің дербестігін арттыру үшін 2026 жылы өңірлерге трансферттер арқылы 5,1 трлн теңге бөлінеді, — деді Қаржы министрі.

Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов инфляцияны тұрақтандыру шаралары туралы баяндады. Ол 2025 жылдың тоғыз айында елдің жалпы ішкі өнімі 6,3 пайыз өскенін, ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен инфляция 12,9 пайыз артқанын хабарлады. Осыған байланысты Ұлттық банк макроэкономикалық теңгерімді қалпына келтіру және инфляцияны бақылаудан шығармау мақсатымен 10 қазанда базалық мөлшерлемені 18 пайызға көтерген.

Жұмыс тобының жетекшісі Ұласбек Сәдібеков заң жобасын қарау нәтижесінде депутаттар жалпы сомасы 2 триллион теңгеден асатын 130-дан астам түзету енгізгенін айтты.

— Депутаттар 2026 жылы өңірлерді дамытуға Үкімет резерві есебінен қосымша 30 миллиард теңге бөледі ұсынды. Бұл қаражат жылу және электр энергетикасына, газ және сумен жабдықтау жүйелерін жаңғыртуға, жағалауды нығайтуға және басқа да басым бағыттарға арналады, — деді депутат.

Сондай-ақ ол ұлттық экономиканың тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін заң жобасына 1 триллион теңгені қайта бөлу бойынша түзетулер енгізілгенін айтты. Бұл қаражат алғашында Қаржы министрлігінің жаңа бастамаларға жұмсайтын шығыстарының бір бөлігі ретінде қарастырылды. Олар енді бюджет бағдарламалары операторлары арасында бөлініп, отандық өндірісті дамытуға, өнеркәсіптік кәсіпорындарды қолдауға, елдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға, аграрлық секторды технологиялық жаңғырту арқылы еңбек өнімділігін арттыруға бағытталатын болады.

Республикалық, облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2026-2028 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы құжатты түсіндіре отырып, Серік Жұманғарин 2026 жылға субвенциялар 5,1 триллион теңге, ал алып қою 879,9 миллиард теңгені құрайтынын айтты. Жалпы трансферттердің көлемдерін айқындау кезінде қазіргі нысаналы трансферттерден басқа агроөнеркәсіп кешенін субсидиялауға, үнемді суару технологияларын енгізуге, жаңадан іске қосылатын нысандарды күтіп ұстауға арналған және басқа да шығыстар ескерілген.

Жұмыс тобының жетекшісі Еркін Әбіл мемлекеттік борышқа қызмет көрсетуге арналған шығыстар есебінен өңірлерге субвенциялар көлемін 16,5 млрд теңгеге ұлғайтуды ұсынғанын атап өтті. Бұл субсидиялар елді мекендердің әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту үшін қолданыстағы және жүзеге асырылып жатқан

жобаларды аяқтауға, сондай-ақ ауылдардағы кәсіпкерлік субъектілерінің агроқұзыреттерін арттыруға, оның ішінде «Ауыл аманаты» жобасы аясында жұмсалады деп жоспарланған.

Жалпы, министрліктің бағалауы бойынша, жергілікті бюджеттердің республикалық бюджетке тәуелділігі орта есеппен 50,7 пайыздан 33 пайызға дейін төмендейді. Сондай-ақ 2028 жылға қарай Павлодар облысы өзін-өзі қамтамасыз етеді, ал Маңғыстау облысы қайтадан донор болады.

Талқылау барысында мәжілісмендер Үкімет мүшелерінен алдағы үш жылда экономика өсімінің баяулау себептерін, экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, халықты жұмыспен қамту деңгейін сақтау жоспарлары жөнінде сұрады. Сондай-ақ өңірлер арасындағы инфрақұрылымдық алшақтықты жою, олардың қаржылық тәуелсіздігінің баяу өсуі және жалпы кірістің арту жағдайында донор өңірлер санының шектеулілігі сияқты мәселелер көтерілді.

Депутаттар мемлекеттік борышқа қызмет көрсету шығындарының көбеюіне алаңдаушылық білдірді. Олар Бюджет кодексінің талаптарына қарамастан, шығыстарды талдау нәтижесін нашар жүргізіліп, бюджет әлі де ескірген қағидаттар бойынша жасакталып жатқанын сұрады. Сондай-ақ нысаналы индикаторлардың формалды сипаты, мемлекеттік органдар ішіндегі жоспарлаудың тиімсіздігі және басқа да маңызды мәселелер талқыланды.

Мәжілістегі партия фракциялары жетекшілері заң жобалары бойынша өз пікірлерін білдірді. «AMANAT», «Ауыл», Respublica, «Қазақстан Халық партиясы», «Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы» фракциялары қолдап, «Ақ жол» фракциясы құжаттарға қарсылық білдірген жоқ.

Талқылау қорытындысында депутаттар екі заңды да қабылдап, Сенаттың қарауына жіберді.

Қорытындылай келе, Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов талқылау барысында ескертулер аз айтылмағанына, көптеген конструктивті ұсыныс берілгеніне назар аударды. Үкімет осы ескертпелер мен ұсыныстың барлығын міндетті түрде ескеруге тиіс екенін баса айтты.

— Өйткені еліміз алдағы жылдары осы құжатқа, яғни Республикалық бюджетке сүйеніп тіршілік етеді. Бұл бюджет мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесі мен фискалды саясат саласындағы реформалар негізінде қалыптасқанын атап өткен жөн. Бюджет жобасы ұзақ жылдан бері алғаш рет Ұлттық қордан қосымша нысаналы трансферттерсіз әзірленіп отыр. Мұндай нәтиже Мемлекет басшысының қаржы-бюджет жүйесін жетілдіру жөнінде берген тапсырмасын кезең-кезеңімен іске асырудың арқасында мүмкін болып отыр, — деді палата Спикері.

Ол сондай-ақ жаңа жағдайдағы бюджет саясатының ескере отырып, Үкімет бюджетті одан әрі түзету кезінде маңызды жобаларды іске асыруда өңірлерге қолдау көрсету резервтерін іздеуі маңызды екенін атап өтті. Депутаттық корпус бұл жұмыстың барысын жіті қадағалап, бақылауда ұстайды.

— Ең бастысы, біздің барлық іс-әрекетіміз Мемлекет басшысының «Қуатты өңір — қуатты ел» қағидасын іс жүзінде жүзеге асыруға бағытталуға тиіс екенін түсінудіміз керек, — деп түйіндеді сөзін Ерлан Қошанов.

Мәжіліс комитеттері жаңа заң жобаларын жұмысқа қабылдады. Олар: атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру туралы, қылмыстық заңнаманы одан әрі жетілдіру туралы, 2021 жылғы 16 ақпандағы Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) ЕАЭО мүше мемлекеттердің көрсетілген саладағы заңнамасын үйлестіруді жүзеге асыру қағидаттары мен тәсілдері туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау, халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 50 а) және 56-баптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаларды ратификациялау туралы жобалар.

Сондай-ақ жалпы отырыста Әсел Жанәбілованы Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі қызметіне тағайындау туралы қаулы қабылданды.

БАҒДАР

23 ҚАЗАН 2025 | БЕЙСЕНБІ

ЕКІ АЙЛЫҚ САПАР МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ



Қытайдан атпен шыққан саяхатшылар – Қуанбек Түсіпханұлы мен жұбайы Жайна Еркінқызы 2025 жылғы 21 қазанда елордаға келді. Тарбағатай өңірінен аттанған ерлі-зайыптылардың басты арманы Қазақ елінің жүрегі, бас қаласы Астананы көру болған.

Екі айдан астам уақыт бойы мыңдаған шақырым жол жүріп келген жұпты бүгін «AMANAT» партиясы Астана қалалық филиалының Атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек арнайы қабылдап, құрмет көрсетті.

«Қуанбек пен Жайнаның бұл сапары – отансүйгіштік пен рухани байланыстың ерекше үлгісі. Ата-баба ізімен ат жалында жүріп, елордаға жету – үлкен ерлік. Біз мұндай азаматтарды әрдайым қолдаймыз. Бұл сапар – Республика күні қарсаңында көңіл толқытқан ерекше оқиға болды», – дейді «AMANAT» партиясы Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек.

Кездесу барысында партия өкілдері саяхатшыларға Астана қаласының дамуы мен елдегі жаңалықтар туралы айтып, естелік сыйлықтар табыс етті.

«Біздің армандаған Астанамыз – дәл осындай еңселі, көркейген, рухы биік қала екен. Атажұртқа, Қазақ еліне деген сағыныш пен құрмет – бізді жол бойғы қиындықтарға мойытқан жоқ. Ең бастысы – туған елдің топырағына табан тигізіп, жүрекпен сезіну», – деп ағынан жарылды Қуанбек Түсіпханұлы.

Жайна Еркінқызы да елорда тұрғындарына көрсеткен құрмет пен қолдау үшін алғысын білдірді.

Айта кетейік, Қуанбек Түсіпханұлы мен Жайна Еркінқызы 2025 жылдың 8 тамызында Қытай Халық Республикасынан, нақтырақ айтқанда, Тарбағатай аймағынан аттанып, екі айдан астам уақыт ішінде бірнеше өңірді артқа тастап елордаға жеткен. Бұл – қазақтың көшпелі мәдениетін жаңғыртып, ұлттық рухты дәріптеудің ерекше бір жолы.

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДІҢ ЖАҢА ДАҢҒЫЛЫ

Қарағандыда Республика күніне орай SARYARQALAB: AQYL·DAMU·QADAM атты жастар форумы өтті. Іс-шараның мақсаты – жастардың жасанды интеллект пен цифрландыруға қызығушылығын арттыру, экологиялық мәдениетті дамыту және Әділетті Қазақстанды құру жолындағы жас патриоттарды тәрбиелеу. Форумның бастамашысы әрі ұйымдастырушысы – «AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалы.

Аукымды жиынға аймақтың 600-ден астам белсенді әрі креативті жастары – жоғары оқу орындары мен колледждердің студенттері, сондай-ақ Приозерск, Саран, Теміртау, Шахтинск қалалары мен Қарағанды облысы аудандарынан келген жастар қатысты. Бағдарламада экскурсиялар, шеберлік сағаттары, тренингтер мен цифрлық технологиялар және жасанды интеллект тақырыптарына арналған сессиялар ұйымдастырылды.

Форум жұмысына Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжанов, «AMANAT» партиясы облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков, депутаттар, мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері және «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Акерке Искандерова қатысты.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өңірдің дамуына жастардың қосып отырған үлесін атап өтіп, бүгінде аймақ тұрғындарының төрттен бірі – жас буын екенін жеткізді.

«Мемлекет басшысы «жастар – жаңа экономикалық дамудың қозғаушы күші» екенін атап өткен еді. Бүгінде сіздер – жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды меңгеріп, экологиялық және құқықтық ой-өрісі қалыптасқан Қазақстанның болашағысыздар. Мемлекет сіздерге гранттар беріп, идеяларыңызды, стартаптарыңызды жүзеге асыру үшін барлық жағдай жасап отыр. «Жасыл ел», қолжетімді ипотека бағдарламалары, менторлық жобалар – мұның бәрі сіздердің болашақтарыңызға бағытталған инвестиция», – деді ол.

«Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Акерке Искандерова форумның Мемлекет басшысы айқындаған басымдықтарды жүзеге асыруға бағытталғанын айтты.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2029 жылға дейін кемінде 2,3 миллион жасты жұмыспен қамту міндетін қойды. «Жастар Рухы» 100 мыңнан астам белсенді жасты біріктіріп, жұмыспен қамту,



кәсіби бағдар және азаматтық тәрбие бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Біз инновациялық шешім ұсынуға және елге қызмет етуге және Әділетті Қазақстанды бірге құруға дайын буынды қалыптастыруға күш саламыз», – деді Акерке Искандерова.

Ол сондай-ақ 2025 жылдың Жұмысшы мамандықтары жылы болып жарияланғанын еске салып, еңбек адамының беделін арттыруға ерекше көңіл бөлінетінін айтты. Форум аясында жасанды интеллектті дамыту мәселесіне айрықша назар аударылды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында экономиканың барлық саласын жаңғырту үшін жаппай жасанды интеллектті енгізу қажет екенін атап өткен болатын. «AMANAT» партиясы жасанды интеллектті экономикаға, білім беру мен әлеуметтік салаға интеграциялау жөніндегі бастамаларды қарқынды түрде жүзеге асырып келеді.

«AMANAT» партиясы облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбековтің айтуынша, жастар тек технологияны тұтынушы емес, оны жасаушы болуға тиіс.

«AMANAT» партиясы қазірдің өзінде ІТ және цифрландыру саласында аукымды жобаларды іске асыруда. Олардың қатарында – цифрлық сауаттылықты арттыру бойынша «Цифрлық қоғам» жобасы, интернет қауіпсіздігіне арналған «Кибер Тұмар», сондай-ақ жер қатынастарындағы ашықтықты қамтамасыз ететін jerkapta.gharysh.kz геосервисі бар. Бұл бастамалар – Президенттің техноұлт қалыптастыру және әділетті цифрлық мемлекет құру жөніндегі идеяларының нақты көрінісі», – деді ол.

Форумда жасанды интеллект саласындағы сарапшылар да баяндама жасады. Сарапшы Ескали Қыдырмолданов заманауи технология-

лардың креативті идеяларды жүзеге асыруға және еңбек өнімділігін арттыру жолдарын таныстырды. Quantumhub тұрақты даму және креативті индустриялар ғылыми-зерттеу орталығының директоры Жәнібек Жартайдың айтуынша, АҚШ және өзге елдерде студенттердің 90%-ға жуығы оқу үдерісінде жасанды интеллектті пайдаланады, ал Қазақстанда бұл үрдіс енді қарқын алып келеді. «Террикон алқабы» экожүйесінің басқарушы серіктесі Диана Салехова форум қатысушыларын өңірлік ІТ хабтын мүмкіндіктерімен таныстырып, жас мамандарды өз стартаптарын осы алаңда жүзеге асыруға шақырды.

Форумның маңызды тақырыптарының бірі – экологиялық тәрбие мен табиғатты аялау мәдениетін дамыту болды. Теміртаудағы «Жасыл ел» жасактарының үйлестірушісі Мирас Яуда әрбір жастың табиғатты қорғауға қосқан үлесі қоршаған ортаның тепе-теңдігін сақтауда айрықша мәнге ие екенін айтты.

Форум соңында Республика күніне орай ең белсенді әрі талантты қатысушыларға «Жастар Рухы» төрағасы Акерке Искандерова алғыс хат және облыстық мәслихат депутаты Аскар Оразбеков қаржылай гранттар табыс етті. Бұл гранттар өз ісін бастағысы келетін жас кәсіпкерлердің инновациялық және әлеуметтік маңызы бар жобаларын қолдауға бағытталған.

«AMANAT» партиясы жастарға ғылым, кәсіпкерлік және волонтерлік сияқты түрлі бағытта өз әлеуетін танытып, армандарын іске асыруға кең мүмкіндік береді. Ел дамуына әрқайсыңыз үлес қоса аласыздар. Осындай форумдар Қазақстанның болашағы сенімді қолда екенін дәлелдейді», – деді Аскар Оразбеков.

Елнар ЕЛТАЙ

ЕҢБЕК АДАМЫ

ЖҰМЫСШЫЛАР ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ

Жұмысшы мамандықтар жылына орай Батыс Қазақстан облысы әкімдігі мен «AMANAT» партиясының облыстық филиалының ұйымдастыруымен «Еңбек. Адам. Құрмет» жұмысшы мамандықтары фестивалі өтті.



**Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,** Батыс Қазақстан облысы

Фестиваль аясында Тұңғыш Президент алаңы аумағында Батыс Қазақстан облысы аудандарының жұмысшы кәсіп өкілдерінің көрмесі, қолөнершілер көрмесі, ұлттық спорт түрлерінен сайыстар, ауылшаруашылық техникасының көрмесі шоғырланған. Еңбек адамдарын ұлықтауға арналған іс-шараға Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев, халықаралық Qazaqstan Dailyi газеті мен «Мөлдiр бұлақ» журналының Бас директоры, қоғам қайраткері Сәуле Мешiтбайқызы, «AMANAT» партиясы Батыс Қазақстан облыстық филиалының атқарушы хатшысы А. Сафималиев, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы М.Берген, облыс аудандарынан келген жұмысшы мамандар және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері қатысты.

Фестивальдың пленарлық отырысында өңір басшысы Жұмысшы мамандықтар жылы аясында өткізіліп отырған айтулы іс-шараның маңызын айтып өтті.

– Бүгінгі «Еңбек. Адам. Құрмет» атты облыстық фестиваль – еңбек адамына деген ілтипаттың, адал қызмет пен табанды еңбектің жарқын көрінісі. Бұл – жай ғана іс-шара емес, қоғамның қозғаушы күші болып отырған мамандарға көрсетілген шынайы құрмет. Еңбек – елдің енесін көтеретін, қоғамды алға жетелейтін басты күш. Біздің күнделікті өміріміздің әрбір сәтінде қарапайым жұмысшының қолтанбасы бар. Жол салушыдан бастап ұстазға дейін, дәрігерден бастап диканға дейінгі барша еңбеккерлер елдің өркендеуі үшін аянбай тер төгуде, – деді Нариман Төреғалиев.

Орал трансформатор зауытында 4 жыл үздік еңбек етіп жүрген Ләззат Жұмаділдә, Шыңғырлау ауданы Ақшат ауылында 3 бағыттағы кәсіпті дөңгелетіп отырған жас кәсіпкер Сырым Жалдығұлов, ауыл тұрғындарының басын біріктіріп, табыс табуларына қолайлы орта тудырып, «Ауыл аманаты» жобасы аясында тиімді жұмыс жүргізіп отырған Еркін Абилкакимов фестивальдың пленарлық отырысында сөз алып, фестиваль қатысушыларын құттықтады.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

АТАУЛЫ КӨМЕК АЛҒАНДАРҒА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗІЛДІ



Шымкент қаласында әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ету және мемлекеттік қолдау тетіктерінің тиімділігін арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасып келеді. Осы мақсатта қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы 2025 жылдың І, ІІ және ІІІ тоқсандарында мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алған отбасыларға кешенді мониторинг жұмыстарын жүргізуде.

**Назгүл НАЗАРБЕК,** Шымкент қаласы

Аталған шара әлеуметтік төлемнің тек шын мәнінде мұқтаж азаматтарға берілуін қамтамасыз ету және әлеуметтік әділдік принципін сақтау мақсатында қолға алынған. Мониторинг барысында мамандар отбасылардың нақты тұрғылықты жеріне барып, табыс көздері мен тұрмыс жағдайын зерделеуде.

Жүргізіліп жатқан тексерулер нәтижесінде, кейбір өтініш иелерінің көрсеткен мекенжайы мен нақты тұрғылықты мекенжайының сәйкес келмеуі, сондай-ақ отбасы мүшелерін немесе нақты табысын жасыру секілді жағдайлар анықталуда. Мұндай әрекеттер әлеуметтік көмекті тағайындау кезінде заңсыздықтарға әкеліп, мемлекет қаржысын мақ-

сатсыз жұмсауға себеп болатыны белгілі.

Бүгінгі күнге дейін қала бойынша 769 отбасының жағдайына қайта тексеру жүргізілді. Соның нәтижесінде 29 отбасына атаулы әлеуметтік көмек тағайындаудан бас тартылып, жалпы сомасы 9 634 544 теңге бюджетке қайтару үстінде.

Мәселен, Абай ауданының Бозарық шағынауданында тұратын А.А. есімді тұрғын өтініш берген кезде отбасы құрамын толық көрсетпей, табысын төмен етіп ұсынған. Алайда тексеру кезінде оның ата-анасымен бірге тұратыны және отбасы табысы әлдеқайда жоғары екені белгілі болды.

Әлеуметтік көмек көрсету қағидаларына сәйкес, бір үйде бірге тұратын және тіркеуде тұрған барлық отбасы мүшесінің табысы (жалақы, зейнетақы,

стипендия, жеке кәсіп табысы және т.б.) жиынтық табысқа есептеледі.

Сол сияқты Еңбекші ауданының Қаратөбе шағынауданында тұратын А. есімді өтініш беруші де бейресми кәсіппен айналысып жүргеніне қарамастан, өзін табыссыз азамат ретінде көрсеткен. Мониторинг барысында бұл дерек расталып, ол да көмек алушылар тізімінен шығарылды.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы өкілдерінің айтуынша, мұндай тексерулердің басты – мақсаты мемлекеттік қолдаудың әділ бөлінуін қамтамасыз ету.

«Атаулы әлеуметтік көмек – халықтың әлжуаз тобына арналған нақты бағытталған жәрдем. Сондықтан ол шынымен киын жағдайда өмір сүріп жатқан, табыс көзі шектеулі отбасыларға ғана берілуге тиіс. Біз әр өтінішті мұқият қарап, нақты деректер арқылы әділ шешім қабылдауға тырысамыз», – дейді басқарма мамандары.

Мамандардың айтуынша, мониторинг барысында тек заңбұзушылықтарды анықтап қана қоймай, сонымен қатар тұрмысы төмен отбасыларға жұмысқа орналасу, шағын кәсіп бастау, оқыту курстарына жіберу бағытында да түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Бұл әлеуметтік қолдаудан еңбекке ынталандыруға көшуге бағытталған жаңа тәсіл.

Басқарма тарапынан тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, отбасылық әл-ауқатты арттыру бағытындағы жұмыстар жалғасын табуда. Ал атаулы әлеуметтік көмек алушыларға жүргізілген мониторинг қоғамда әділдік пен жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруға сеп болады.

«Мемлекет қолдау көрсетіп отырған кезде әрбір азамат адалдық пен әділдікті ту етуі керек. Өйткені бұл қаражат – халықтың ортақ игілігі, оны мақсатсыз пайдалану – өз елінің дамуына кедергі келтірумен тең», – дейді мамандар.

Жалпы, мұндай тексеру жұмыстары жыл соңына дейін жалғасады. Нәтижесінде, АӘК жүйесі одан әрі жетілдіріліп, көмек шын мәнінде мұқтаж отбасыларға бағытталатын болады.



# ЕГЕМЕНДІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫ – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ

Биыл Қазақстанның Мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның қабылданғанына 35 жыл толды. Мереке қарсаңында аузын айға білеген кеңестік алып империя құрсауынан қалай азаттық алғанымыз туралы Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті конституциялық және азаматтық құқық кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының докторы Жамаладен Ибрагимовпен әңгімелескен едік.

— XX ғасырдың соңына қарай Кеңес Одағы ыдырай бастаған кезде құрамындағы одақтас республикалар өзінің тәуелсіздігі туралы мәселе көтергенін тарихтан білеміз. Бәрі дерлік алдымен егемендік туралы құжаттарды қабылдаған еді. Олардың арасында Қазақстан да бар. Егемендік декларациясы қалай жазылды? Құжаттың маңызы мен тәуелсіздік алуымыздағы рөлі қандай?

— «Ақ түйенің қарны жарылып», халық мәре-сәре бір-бірінен сүйінші сұрап қуанған бұл күн — қазақ елінің дамуындағы ең үлкен тарихи сәт болды. Дербестіктен үмітін үзбеген қазақтың аңсар арманы орындалды. Мемлекеттің егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл саяси-құқықтық құжат мемлекетіміздің территориясының біртұтастығын және бөлінбестігін айқындап берді. Құжаттың қабылдануын тек саяси жағдайлардың жаңа кезеңі ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының өзінің тағдырын өзі анықтауға, өз тағдырын өзі шешуге жасаған батыл қадамы десек болады.

Егемендік туралы декларацияның қабылдануы өте күрделі және ұзақ процесс саналады. Ғалымдардың, зерттеушілердің көзқарасы бойынша сол кезеңде декларацияның бірнеше нұсқасы дайындалған. Өйткені кейбір азаматтардың 1986 жылдан басталған Кеңес Одағының ыдырау кезеңін, саяси-құқықтық процестерді және үлкен одақтық мемлекеттен республикалардың бөлініп шығуын тәуекел ретінде бағалай-тынның көрсетті. Қоғам арасында «кімнен егемендік аламыз?», «егемендікті не үшін қабылдаймыз?», «егеменді ел болғанда қандай ел болып өмір сүреміз?» деген сұрақтар болғаны белгілі. Бірақ бұл сауалдардың және сан алуан пікірлердің болуына қарамастан, сол кездегі қоғам қайраткерлері, заңгер, ғалымдар, саясат саласында еңбегі сіңген білімді, білікті мамандар декларацияның нақты нұсқасын жазуға талпынды.

— Егемендік декларациясында қазақтың ұлттық дүниетанымы, салт-дәстүрі, өзіндік даму болашағы, шынайы егемен ел аумағының біртұтастығы және қолсұғылмаушылығы, азаматтығы, мемлекеттік биліктің және мемлекеттік бюджет пен халықаралық қатынастардың дербестігі, мемлекеттің тәуелсіздігі қалай сипатталды?

— Декларация жазылғанға дейін мемлекетіміз өзінің табиғи ресурстарының иесі бола алған жоқ. Өзінің егеменді, жеке тәуелсіз ел болудағы құқығын толық айқындап ашып айта алған жоқ. Қазақ елінің азаматтығы, қазақ елінің нақты шекаралық беделін анықтау деген мәселе көтерілген жоқ болатын. Ғасырлар бойы өсіп-өніп келе жатқан жергілікті қазақ ұлтының, қазақ елінің әрбір сүйем жері, оның тарихы, жадында жатталған мәдениеті, дәстүр-салты, әдет-ғұрпы, басқа халықтарды бауырына басқан кен пейілі, қушағын жая қарсы алып, тілім нанын бөліп бергені, паналатқаны ескерілмеді. Өз жерінде сан жағынан азшылыққа ұшырағаны туралы ұғым, түсінік өте тар шеңберде қалып келді. Қазақ сол кезеңде мемлекет территориясын мекендеген теңқұқықты ұлттардың бірі ретінде саналды және республикаға аты берілген жергілікті ұлт ретінде қабылданды.

Декларацияның қабылдануы еліміздің халықаралық аренадағы өз алдына жеке дербес мемлекет болуын бекітті. Құжатта ұлтымызға тән дәстүр мен рух, мәдени ерекшеліктерді ескеруге үлкен мән берілді. Қазақ ұлтының егеменді тәуелсіз мемлекеттің иесі ретіндегі және халықты ұйымдастырушы, үйлестіруші, мемлекетті құрушы ұлт ретіндегі рөліне назар аударылды. Сонымен қатар мемлекеттің біртұтастығын, унитарлы формадағы мемлекет екенін, оның территориясына ешқашанда қол-сұғылмайтынын, территориясының ешқашанда бөлінбейтінін және мемлекет аумағындағы барлық табиғи ресурсына

ендігі уақытта Қазақ Республикасы халқының иелік ететінін тайға таңба басқандай айқындап берді. Халықаралық аренада басқа мемлекеттермен болашақта тең дәрежелі қарым-қатынас жасау және Қазақстан территориясында қабылданған заңдардың одақ заңдарынан үстем болатыны жөніндегі нормаларды бекітіп, мемлекеттің болашақ құқықтық дамуының бағдарын нақтылады деп айта аламыз.

— Құжаттың қабылдануы Ерік Асанбаев, Салық Зиманов секілді қазақтың біртуар ұлдарының табанды еңбегінің арқасы екені сөзсіз. Қазір бұл кісілердің еңбегін қаншалықты қадір тұтып жүрміз, оқу орындарында бұл кісілер туралы айтыла ма, еңбегі оқу жүйесіне енгізілген бе?

— Әрине, декларацияны дайындауға сол кезеңдегі қоғам қайраткерлері, заңгер ғалымдар өте үлкен үлес қосты, зор еңбек сіңірді, қайраткерлік танытты. Жоғары кеңестің төрағасы болған Ерік Асанбаев, Жоғары Кеңестің депутаттары тобының мүшелері: Салық Зиманов, Сұлтан Сартәев, Манаш Қозыбаев, Жабайхан Абдильдин және басқа да ғалымдар бұл декларацияның нұсқасын қалай дайындағанын, құжаттың қалай қабылданғанын, қандай талқыдан өткенін тарихи деректерден, басқа да әдебиеттерден білеміз.

Саяси-құқықтық құжаттың талдануы Жоғары кеңестің мәжілісінде 6 сағатқа созылғанын айтады ғалымдар. Әзірлеу комиссиясы тобының мүшесі, жетекшісі, заң ғылымдарының докторы, академик Салық Зимановтың 6 сағат бойы декларацияның әрбір бабын құқықтық тұрғыда талдап, заңдық көзқарас тұрғысынан дәлелдеп, әрбір бабының болашақ елдің құқықтық дамуында қандай маңызға ие екенін тәптіштеп қорғағанының арқасында қол жеткенін білеміз. Әсіресе, мемлекеттік тілге, мемлекеттік шекараға байланысты, мемлекетіміздің болашақтағы территориясы, оның шекараларының заңды түрде бекітілуі, мемлекетіміздің ұлттық егеменінің болуы тәрізді мәселелерді табандап тұрып заңдық құқықтық тұрғыдан дәлелдеудің оңай болмағаны анық. Өйткені сол кезеңдегі саяси даму, экономикалық-әлеуметтік жағдай, қайта құру мәселелері Жоғары кеңестің бірқатар депутаты тарапынан Егемендік декларациясының кейбір нормаларына күмәнмен, сенбестікпен қарауына, мүмкін ұзаққа созылған Кеңес Одағының әлі де өмір сүру мүмкіндігінің бар екеніне сенуіне байланысты қарсылықтар, пікірталастар туырады. Соған қарамастан, Салық Зимановтың табандылығына байланысты декларацияны Жоғары кеңестің депутаттары көпшілік дауыспен қабылдады.

Қазір ғалымдар, жоғары оқу орындарының оқытушылары Егемендік декларациясына қабылдауға үлес қосқан ғалымдардың, қоғам қайраткерлерінің есімін міндетті түрде ұлықтайды, құрмет тұтады. Біріншіден, халықаралық конференцияларда, халықаралық дөңгелек үстелдерде, дәрістерімізде жастарға, қазақ елінің азаматтарына бұл құжаттың әзірлеушілердің орасан еңбегін жеткізіп отырамыз. Бұл ғалымдардың аты үнемі Республика күні, Тәуелсіздік күні, Конституция күні аталады, олардың іргелі еңбегіне үнемі ғылыми сілтемелер жасалады. Олардың еңбегін жоғалтпау, есімін есте сақтау, тәуелсіздік жолындағы қайраткерлігін насихаттау мақсатында арнайы кабинеттер ашылып, оқу орындарына аты беріліп жатады. Мысалы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Заң факультетінде академик Салық Зиманов атындағы арнайы дәрісхана бар. Мұнда заңгер заңгер ғалымның жеке заттары, ғылыми еңбектерінің көшірмелері, ғылыми монографиялары және Жоғары кеңестің депутаты болған кезіндегі естеліктер, фотосуреттер, шежірелер сақталған. Осы тарихи мұра болашақ

заңгерлерге, мемлекет қызметшілеріне бірегей ұстаным болуы керек. Біз міндетті түрде тарихи сабақтастықты жалғастырып, үлгі-өнеге ретінде айтып отырамыз.

— Құжат қабылданған күн 25 қазанның тек мәнін ұғындырудың концепциясы жасалды ма? Егемен ел болудың жауапкершілігін толық сезіне алдық па?

— Құжатқа қол қойылған сәттен бастап Қазақ елі өзінің қазіргі саяси-құқықтық, әлеуметтік-демократиялық жолдағы ең маңызды қадамдарын айқындап алды. Өйткені декларация қабылданғаннан кейін Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы конституциялық заң қабылданды және егеменді Қазақстанның 1993 жылғы 28 қаңтарда алғашқы Конституциясы қабылданды. 25 қазанды тек тарихи күн деп атап қана өтпей, болашақ ұрпақ үшін, елдің кемел келешегі үшін маңызды екенін ұқтырудың кешенді тұжырымдамасы қажет. Қазіргі жас ғалымдардың, жоғары оқу орындағы ғылыми-педагогикалық бағытта оқитын магистранттар, ғылыми докторлық диссертация қорғайтын докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптарына берілуде және ғылыми-зерттеу жұмыстардың мән-мазмұнының ішінде бұл мәселелерді толыққанды зерттеуге мән беруіміз қажет.

— Кеңестік тоталитарлық тар шеңберден азаттық алып шығудың оңай болмағаны ақиқат. Мәселен, Татарстан 1990 жылы өз егемендігін жариялап, 1992 жылы тәуелсіздік туралы референдумында өткізді, бірақ Ресей бұл шешімді мойындады. Бұлардың да өз егемендігі туралы декларациясы бола тұра, тәуелсіздігін мойындата алмауының себебі не?

— Татарстан мен Башқұртстан мемлекеттері — Ресей Федерациясы құрамындағы автономиялық республикалар.



**Кез келген мемлекеттің даму тарихында әртүрлі саяси-құқықтық процесс жүріп жатады, ол кейбір қайшылықтарға, күрделі жағдайларға толы болуы мүмкін. Республика күнінің белгілі бір кезеңдерде тойланбай қалуының өзіндік себептері бар. Кейбір заңгер ғалымдар Егемендік декларациясының саяси-құқықтық құжат ретіндегі мемлекеттің тәуелсіздігін анықтауда арасалмағы аз болды деп түсіндірді.**

Олардың Кеңес Одағы ыдыраған кезде толық тәуелсіздікке қол жеткізе алмауының бірнеше саяси, құқықтық және тарихи себебі бар. Олардың тәуелсіздігі КСРО құрамында одақтас емес, автономиялық республикалар болғандықтан мойындалмады, тәуелсіздік тек одақтас республикаларға заңды жолмен, үлкен саяси тартыспен берілді.

Қазақтың тәуелсіздікке қол жеткізу жолындағы күресі XX ғасырдың басында басталған жоқ. XIX ғасырдың басынан бастап мемлекетіміздің тәуелсіздігін жаңғыртуда халық батырлары, билері, хандары үнемі саяси күресті жалғастырып отырды. Тәуелсіздікке қол жеткізу жолындағы күрестер — Сырым Датұлы, Исатай мен Махамбет, Есет батыр, Кейкі батыр, кешегі Сартай, Қасым сұлтандардың, соңғысы Кенесары ханның азаттық жолындағы сан алуан арпалыстары мен қозғалыстары, көтерілістері, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістер егемендіктің үлкен бір іргелі тарихи саяси жолдарын бізге айқындап берді.

Білекке сенген заман өтіп, білімге сенген заман келгенде де қазақ халқы өзінің азаттық аңсарынан айнымады. XX ғасырдың басынан бастап тәуелсіздікке қатысты күрес басқа нысанда, бейбіт нысанда жалғасты. Саяси-құқықтық талаптардың қойылуы, петициялардың жариялануы халқымыздың еркіндік жолындағы жаңқиярлық ерлігі десек болады. 1905 жылдағы Қарқаралы петициясы, 1911 жылғы Барлықбек Сыртановтың Қазақ елінің уставын жазуы, 1917 жылғы Алаш зиялыларының съезінде қабылданған Алаш саяси партиясының бағдарламасы тәуелсіздік үшін күрес жүргізудегі ең маңызды қадамдардың бірі деп айтуымызға болады. XX ғасырдың басында қабылданған саяси-құқықтық құжаттарда бүгінгі таңдағы егемендіктің, тәуелсіздіктің ең бастапқы қадамдары, іргетасы, ең бастапқы темірқазығы қадалды деуге қақылымыз.



— Егемендік және Тәуелсіздік сөздерінің қолданылу аясы және мазмұндық ұқсастығы мен айырмашылығы қандай? Жалпы, Егемендік декларациясы мен 1991 жылғы Тәуелсіздік туралы конституциялық заңның аражігі бар ма? Ал 25 қазан — Республика күні мен 16 желтоқсан — Тәуелсіздік күні болып белгіленуінің тарихи салмағын қалай ажырату керек, түсіндіріп беріңізші?

— Егемендік, тәуелсіздік деген жалпы халықаралық құқық ғылымы тарапынан айтатын болсақ, ол мемлекетті дипломатиялық қатынастар болмаса да басқа елдердің тануы, мойындауы. Біздің жағдайда декларация қабылданғаннан кейін бізді мемлекет ретінде ең алғаш таныған Түркия мемлекеті деп айтамыз. Еуропа елдерінен Италия мемлекеті, одан кейін АҚШ түр дейміз. Яғни, басқа мемлекеттің біздің мемлекетті тәуелсіз, егеменді ел ретінде тануы және тәуелсіздіктің мағынасы, ол — мемлекеттің халықаралық қатынастардың субъектісі бола алуы, ел ретінде, мемлекет ретінде басқа мемлекеттермен қарым-қатынасқа түсу құқығы. Ал ішкі жағдайға қарап айтатын болсақ, ол — биліктердің тармақтарға бөлінуі. Мемлекеттің тәуелсіздігі негізінен декларацияның жариялау арқылы бекітіледі. Егемендік пен тәуелсіздік арақатынасы өте бір-бірімен тығыз байланысты, бір-

1991 жылы 16 желтоқсанда қабылданған Тәуелсіздік туралы конституциялық заңға сүйенеді, бұл нормативтік-құқықтық акт болғандықтан, заң тұрғысынан Тәуелсіздік 1991 жылдан бастап есептелуі керек және сол кезден бастап аталып өтуі керек деп түсіндірді және өздері де солай түсінді. Мемлекеттік билік органдарына 16 желтоқсан тәуелсіздік күні мемлекеттің дамуында маңызды рөлге ие деген пікірлер айтылды, кеңестер берілді, сөйтіп Республика күні мерекелік күндер қатарынан түсіп қалды.

2022 жылы 16 маусымда Ұлытауда Ұлттық құрылтайдың бірінші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 25 қазанға еліміздің ұлттық мерекесі ретінде мәртебесін қайтаруды ұсынды. Бұл — дұрыс шешім, өйткені Қазақстан мемлекеті Егемендік декларациясын жариялау арқылы ғана әлемге танылады. Бұл әлемдік тәжірибеде бар. АҚШ өзінің республикасын құрған кезде тәуелсіздік декларациясын жариялады, Франция мемлекеті де адам және азаматтар құқықтары туралы декларацияны жариялау арқылы мемлекет тәуелсіздігін бекітті. Сондықтан да қазақ мемлекетінің егемендік декларациясының жариялануы — еліміздің Тәуелсіздігінің алғашқы қадамы, Тәуелсіздікті бекітудің басты тұғыры. Бұл күн — мемлекеттік мереке. Болашақта еліміздің дамуындағы өз бағасын айқындап, ең айшықты мерекелердің бірі болып танылады деп ойлаймыз.

— Сіздің ойыңызша, бүгінгі Қазақстан Егемендік декларациясында айтылған қандай мақсаттарға жетті, қандай бағыттарда әлі де жұмыс істеуіміз керек?

— Біздің пайымдауымызша, декларацияда айтылған бірқатар мәселе өз деңгейіне жетті. Қазақ елі әлемдік деңгейде танылды. 1992 жылы 2 наурызда БҰҰ-ның құрамына кірдік, 2018 жылы әлем мемлекеттері ішінде БҰҰ-ның қауіпсіздік кеңесінің мүшесі болып, оған төрағалық еттік. Ата Заңымызда биліктің үш тармаққа бөлінуі принципі орнықтырылды. Әлемдік деңгейде көптеген халықаралық ұйымға мүше болдық. БҰҰ, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, Шанхай ынтымақтастығы ұйымы сияқты әлемге белгілі халықаралық ұйымдардың мүшесі ретінде танылды. Өзінің табиғи ресурстарын өзі меншік ете алатын, унитарлы, президенттік басқару нысанындағы мемлекеттің. Сондықтан да декларацияда көтерілген ең басым бағыттың барлығы бүгінде өз мақсат-міндеттеріне жетіп отыр.

Әрине, болашақта мемлекеттің саяси-құқықтық дамуында атқарылатын жұмыстардың мақсат-межесі өте үлкен. Солардың бірі ретінде 2025 жылы 8 қыркүйекте Мемлекет басшысының халыққа Жолдауында айтылған бірпалаталы парламенттік жүйеге көшу жөніндегі реформаны атап айтуға болады. Бұл — мемлекетіміздің алдына қойған үлкен бір межелі саяси бағдарларының бірі. Бірпалаталы Парламентке көшу деген — жан-жақты зерттеуді, зерделеуді, әлі де талқылауды қажет ететін саяси реформа. Бұл реформаны жүргізу бағытында Мемлекет басшысы парламенттік реформа бойынша жұмыс тобын құрды. Жан-жақты білікті мамандардан, заңгерлерден, қоғамдық бірлестік өкілдерінен құралған топ өз жұмысын бастап та кетті. Қоғамда бұл жаңа саяси жүйеге көшу жөнінде қазір талқылаулар, пікірталастар жүріп жатыр. Яғни, саяси-құқықтық жүйенің болашақ бағдары талданып, Конституцияға өзгеріс енгізіледі. Саяси-партиялық құрылымды дамыту жолындағы үлкен реформалық өзгерістер жүреді. Осы бағыттағы жұмыстарды толыққанды, жүйелі түрде талдап жетілдіру қажет деп ойлаймын.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ



Республика күні мен Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның 35 жылдығына орай Алматы облысында ішкі істер органдарының ардагері Бахтияр Лұқмановты еске алуға арналған үстел теннисі бойынша жарыс ұйымдастырылды.

### А Көктем ҚАРҚЫН

Отан қорғаушы — жай ғана мамандық емес, бұл — елге адал қызмет етудің, халқына қалтқысыз берілудің белгісі. Әскери қызметкерлер үшін Республика күні — олардың адал еңбегі мен елге деген сүйіспеншілігінің маңызын сезінетін күн. Себебі мемлекеттің тәуелсіздігі мен тұтастығы, тыныштығы мен қауіпсіздігі тікелей осы сала қызметкерлерінің жанқиярлығына байланысты. Мереке қарсаңында еліміздің түкпір-түкпіріндегі әскери бөлімдерде салтанатты жиындар, саптық шеру, марапаттау

рәсімдері өтеді. Бұл — ерлік пен батырлықтың, антка адалдықтың көрінісі. Сонымен қатар жас сарбаздарға әскери ант беру рәсімі де осы күндері жиі ұйымдастырылады. Қазір Қазақстан Қарулы Күштері — заманауи техникамен жабдықталған, кәсіби деңгейі жоғары, жауынгерлік қабілеті мығым армия. Әскери қызметкерлер ел қауіпсіздігімен қатар халықаралық бітімгершілік миссияларда өздерінің кәсіби біліктілігін дәлелдеп келеді.

Осыған орай ұйымдастырылған іс-шара Ішкі істер департаментінің тәлімгерлер кенесінің қолдауымен өтті. Шараның басты мақсаты — ішкі істер органдары ардагерлеріне құрмет көрсету, қызметкерлер арасында салауатты өмір салтын насихаттау және ұжымдық рух пен достық қарым-қатынасты нығайту. Жарысқа барлығы 47 ардагер мен тәлімгер, сондай-ақ 35 жас қызметкер қатысты. Қатысушылар тартысты ойын көрсетіп, жоғары спорттық дайындық пен ерік-жігер танытты. Турнир қорытындысы бойынша үздік ойыншылар алғысхаттармен, медальдармен және кубоктармен марапатталды. Осындай спорт-

# АНТҚА АДАЛ «ЖАС САҚШЫ»

тық шаралар ұрпақтар сабақтастығын нығайтып, қызметтік және адамгершілік дәстүрлердің сақталуына ықпал етеді.

Республика күніне арналған шаралар мұнымен тоқтап қалған жоқ. Алматы облысында құқықтық тәртіп пен патриоттық тәрбиеге арналған «Жас сақшы» полиция сыныптарының кезекті маңызды іс-шарасы сәтті өткізілді. Іле ауданының №38 гимназиясында өткен салтанатты кездесуде 7-сынып оқушылары полиция қатарына қосылудың алғашқы қадамы ретінде ант қабылдады.

«Жас сақшы» жобасы — жас ұрпақты құқықтық мәдениетке баулу, тәртіп пен отансүйгіштік рухты қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылып жатқан жүйелі жұмыс. Бұл жобаның жоспарына сәйкес ұйымдастырылған шараның басты мақсаты — өскелең ұрпаққа құқық қорғау органдарының қызметін таныстыру, олардың патриоттық сана-сезімін арттыру және тәртіптілікке баулу.

Жиынға 300-ге жуық жасөспірім мен 50-ден астам арнайы қонақ қатысты. Олардың қатарында Алматы облысының құқық қорғау органдарының өкілдері, аудандық және облыстық білім басқармаларының қызметкерлері, ата-аналар комитетінің мүшелері болды. Бұл көпшілік жиналған шара оқушылардың бойында отансүйгіштік, жауапкершілік және адалдық сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға бағытталғаны ерекше атап өтілді.

Ант қабылдау рәсімінен кейін жас сақшыларға Калашников автоматының құрылымы толықтай түсіндіріліп, оны бөлшектеу және жинау тәртібі тәжірибелік түрде көрсетілді. Бұл оқу қаруын дұрыс қолдануды үйрету ғана емес, сондай-ақ техникалық қауіпсіздік пен әскери дайындыққа қызы-

ғушылықты арттыруға бағытталған. Сонымен қатар оқушыларға көрсетпелі күрес тәсілдері мен саптық дайындық элементтері көрсетіліп, оларды саптық тәртіп пен әскери дәстүрлерге баулу жүзеге асырылды.

«Заң мен тәртіп» және «Міндет. Ерлік. Абырой» атты тақырыптарда арнайы ұйымдастырылған әңгімелер оқушыларға құқықтық білім беру мен патриоттық сезімді тереңдетуге септігін тигізді. Бұл дәрістер барысында жас сақшыларға елдің қауіпсіздігіне жауапты болу, қоғамдағы тәртіпті сақтау және құқық қорғау органдары қызметінің маңыздылығы жан-жақты түсіндірілді.

Одан әрі іс-шараның көркін көтерген мектеп оқушыларының концерттік бағдарламасы болды. Сонымен қатар гироскутермен мемлекеттік Туды алып шыққан «Жас сақшы» тобының өсерлі кө-

рінісі көпшілік назарына ілікті. Бұл көрініс патриоттық рухты оятып, жастардың мемлекеттік рәміздерге деген құрметін арттыруға ықпал етті.

«Жас сақшы» жобасы — еліміздің құқықтық мәдениетін дамытуға және жас ұрпақты елге қызмет етуге, Отан қорғауға тәрбиелеуге бағытталған маңызды бастама. Мұндай іс-шаралар арқылы балалар өздерінің азаматтық борышын түсініп, қоғамдағы құқықтық тәртіпті сақтау жолында белсенділік танытады.

Алматы облысының құқық қорғау органдары мен білім саласының бірлескен күш-жігері арқасында патриоттық және құқықтық тәрбие жұмыстары одан әрі нығая түседі деген сенім бар. Осы бағыттағы барлық бастама еліміздің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жасалып жатқан маңызды қадамдардың бірі.



# ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ – ҰЛТТЫҢ РУХАНИ БИГІ

Елдің елдігі мен еңбегін ұлықтайтын мерейлі мереке ұлттық мейрам – Республика күні қарсаңында Ақмола орманшылары қызметіне тың серпін берген ерекше оқиға болды. Бұл күн – Тәуелсіздіктің тағылымын, ұлттың ұмтылысы мен жаңғыру жолын айқындайтын ерекше белес екені рас. Осындай маңызды сәт қарсаңында Ақмола облысы табиғатты қорғау ісінде жаңа кезеңге қадам басты. Өңірдің орман шаруашылығы қызметкерлері кәсіби мерекесімен қатар 85 бірдей жаңа арнайы техникаға ие болды. Бұл – мемлекеттің экологиялық саясатындағы іргелі іс пен табиғатты аялауға бағытталған нақты қолдаудың айқын көрінісі десек артық айтпаспыз...



### А Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

#### 3 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕНІң ИГІЛІГІ — ОРМАН ҚАУІПСІЗДІГІ

Жанартылған техника Ақмола облысының айналасында орналасқан 13 орман шаруашылығы мекемесіне таратылды. Жалпы құны 3 миллиард теңгеден асатын бұл жаңғырту шарасы жасыл орманды өрттен қорғау, табиғи байлықтарды сақтау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісін жаңа деңгейге көтермек.

Жаңа техниканың қатарында 24 өрт сөндіру көлігі, 31 шағын орман патрульлік кешені мен 30 трактор бар. Барлығы да заманауи стандарттарға сай, өртке қарсы жұмыстарды жүргізуге, орман аумақтарын үнемі бақылауға ұстауға, сондай-ақ алдын алу шараларын тиімді ұйымдастыруға арналған.

Техника кілтін орманшыларға салтанатты жағдайда табыс еткен Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов өңірдің жасылдану жолында орманшылардың еңбегіне зор алғысын білдіріп, табиғатты қорғау және оның қорын молайтуға шақырды. Өңір басшысы өз сөзінде табиғатты қорғау елдің мәдениеті мен өркениетінің айнасы екенін атап өтті.

— Біздің облысымыз өзінің қайталанбас табиғаты мен бай жануарлар дүниесімен мақтана алады. Бұл — халқымыздың ұрпақтан-ұрпаққа аманаттап келе жатқан баға жетпес асыл қазынасы. Орманшылардың еңбегі — сол аманатқа деген адалдықтың айқын көрінісі. Соның

жылдары ауа райының күрделі болуына қарамастан, біз ірі өрттің алдын алып, жасыл желек орманды сақтап келеміз, — деді облыс әкімі Марат Ахметжанов.

#### БІР ӘУЛЕТТІң 85 ЖЫЛДЫҚ ОРМАН ҚОРҒАУ ЕҢБЕГІ

Мерекелік іс-шара барысында табиғатты қорғау саласына елеулі үлес қосқан орман шаруашылығының белді қызметкерлері марапатталды. Он қызметкер «Еңбек сіңірген орман өсірушісі» және «Қазақстан орманын қорғаудағы мінсіз қызметі үшін» төсбелгілерімен наградталды.

Соның ішінде Кеңес уақытында орман шаруашылығы мекемесінің директоры болған Жанат Қожахметов ерекше назарға ие болды. Ол «Қазақстан орманын қорғаудағы мінсіз қызметі үшін» II дәрежелі медальмен марапатталып, жаңа техниканың кілтіне де ие болды.

Жанат Қожахметовтың отбасы — орманға қызмет етуді өмірлік борыш санайтын айтулы әулеттердің бірі. Оның әкесі мен бауырлары да орман шаруашылығында еңбек етіп, аймақтың жасылдануына сүбелі үлесін қосып келеді. Бұл әулеттің орман қорғау саласындағы жалпы еңбек өтілі 85 жылға жетіп жығылыпты.

— Соңғы жылдары мемлекет орман шаруашылығын дамытуға айрықша көңіл бөліп келеді. Бұл бізге зор жігер береді. Ұсынылып отырған заманауи үлгіде жасалған жаңа техника орман өртінен ерте анықтауға және жедел оқшаулауға мүмкіндік береді. Бұл орманшылардың дер кезінде өз қызметін тиімді жүзеге асыра алуына зор ықпал

етеді, — дейді тәжірибелі орманшы Жанат Қожахметов.

#### АҚЫЛДЫ ЖҮЙЕ — ОРМАННЫҢ САҚШЫСЫ

Ақмола облысында табиғатты қорғау ісі тек техникалық жаңартумен шектелмегенін атап өткен жөн. Қазір өңірдің бес орман шаруашылығы мекемесінде — Ақкөл, Бұқпа, Кенес, Краснобор және Куйбышев орман шаруашылықтарында тұтана бастаған өртті дереу анықтайтын арнайы цифрландырылған жүйе енгізілген.

Бұл жүйе спутниктік және бейнебақылау құралдарының көмегімен орман алқаптарын тәулік бойы бақылауға алған. Қауіп анықталған сәтте автоматты түрде дабыл беріліп, өрттің таралуына жол берілмейді.

Жиын барысында қатысушыларға «Бұқпа» орман шаруашылығы мекемесінің заманауи өрт сөндіру стансасының жұмысы да таныстырылды. Онда жаңа бақылау пульттері, GPS арқылы бағыттау жүйесі мен жедел байланыс құралдары орнатылыпты. Бұл цифрландыру мен табиғатты қорғаудың бір-бірімен үйлесім таба бастағанының нақты дәлелі екені сөзсіз.

#### РУХ ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК МЕРЕКЕСІ

Табиғатты қорғау — экологиялық іс-шара ғана емес, бұл — ұлттық жауапкершіліктің көрінісі, ұрпақ алдындағы аса үлкен парыз екені рас. Республика күні қарсаңында өткізілген осы іс-шара елдің табиғи байлығын сақтау ісіне бағытталған зор серпін бергенін атап өткен жөн.

Ақмола өңірі бүгінде тек аграрлық салада емес, экологиялық мәдениет тұрғысынан да елге үлгі тұтарлық игі істермен ерекшеленіп келеді. Өңірдің орманшылары — туған жердің тынысын сезінетін, табиғатты сақтауды қасиетті міндет деп білетін нағыз еңбек адамдары. Олардың қажырлы еңбегі арқасында өңірдің орман қоры сақталып, экожүйенің тұрақтылығы нығайып келеді.

### P.S.

Республика күні — елдің өткенін еске алып, ертеңіне сенім артатын айрықша күн. Ал сол сенімнің басты тірегі — осындай қарапайым еңбек адамдары екені айқын. Ақмолалық орманшылардың тынымсыз еңбегі табиғатты аялаудың, елдің болашағына адал қызмет етудің нақты үлгісіне айналған. Мереке күнінде орманшыларға тапсырылған жаңартылған техника, заманауи жүйелер және жана буын мамандары —бәрі де бір мақсатқа, бір мүддеге қызмет етпек. Өйткені орман елдің өкпесі болса, ал оны қорғаған орманшы елдің жүрегі...

Қарағанды облысында Республика күні мен Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның қабылданғанына 35 жыл толуына арналған мерекелік онкүндік басталды.

# ӨҢІРДЕ ОНКҮНДІК БАСТАЛДЫ



### А Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

Бұл мерекеге орай өңірде 350-ден астам іс-шара өтеді. Олардың қатарында мәдени-көпшілік, патриоттық, қайырымдылық және әлеуметтік бағыттағы жобалар бар. Сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар нысандар ашылып, тұрғын үйлердің кілті табысталады. Осыған орай мерекелік шаралардың мазмұны мен өту барысы облыстық аппараттық кеңесте талқыланды.

— Республика күні — халқымыздың тәуелсіздігі мен бірлігінің нышаны, еліміздің басты ұлттық мерекесі. Сондықтан барлық іс-шара жоғары ұйымдастырушылық және мазмұндық деңгейде өтуге тиіс, — деп атап өтті Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Мерекелік іс-шаралардың қалай өтетіні туралы облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов баяндады.

— Облысымызда Республика күні мен Тәуелсіздік декларациясының 35 жылдығына арналған іс-шаралар 15 қазаннан басталды. Облыстық жоспар сәйкес, 350-ден астам іс-шара өтеді. Барлық шара Republic Day брендімен ұйымдастырылып, тұрғындарға мерекелік көңіл күй сыйлауға бағытталған. Мәдениет мекемелерінде көрмелер, әдеби кештер, театрландырылған қойылымдар ұйымдастырылмақ. Мектептер мен колледждерде эссе, сурет байқаулары, сынып сағаттары өтеді. Жоғары оқу орындары мен колледждерде пікірталас турнирлері, дөңгелек үстелдер, спорттық жарыстар ұйымдастырылады. Кәсіпорындарда еңбек ардагерлері мен үздік қызметкерлер марапатталады. «Туымыз төрімізде» акциясы аясында барлық елді мекенде мемлекеттік Ту ілінді. Әлеуметтік желілерде «Қыран елім — Қазақстаным!» патриоттық челленджі басталды. Қазірдің өзінде 100-ден астам бейнеролик жарияланды, — деді Нұрлан Бикенов.

Мерекеге орай аймақта ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері жалғасуда. Онда өнімдер тұрғындарға нарық бағасынан төмен күнмен ұсынылады. Ауылдық елді мекендерде жана медициналық нысандардың ашылуы жоспарланған. Шет ауданының Мойынты кенті тұрғындарына жабық футбол стадионы сыйға тартылады. Ал Нұра ауданында дәрігерлерге қызметтік пәтер кілті табыс етіледі.

Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Әнуар Төлеубеков Республика күнінің қарсаңында облыстың қалалары мен аудандарында ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері жалғаса беретінін мәлімдеді.

— 19-30 қазан аралығында Республика күніне орай ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері облыстың 14 қала және кентінде өткізіледі. Жәрмеңкеге 7 ауданның ауыл шаруашылығы құрылымдары мен өңдеу кәсіпорындары өнімдерін белгіленген кесте бойынша жеткізеді. Жалпы, жәрмеңкелерде 600 тоннадан астам өнімді, соның ішінде 110 тоннадан астам ет, 300 тоннаға тарта картоп, 96 тонна көкөніс, 30 тоннадан астам сүт, 27 тонна шұжық өнімдері, 12 тонна балық, 335 мың данадан астам жұмыртқа және 36 тоннаға тарта басқа да өнімдерді сату жоспарлануда. Өнімдер өңірімізде қалыптасқан орташа нарықтық деңгейден 15-20%-ға арзан бағада сатылуын жергілікті өкімдіктер қалағалайды, — деді Әнуар Төлеубеков.

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Ғалымжан Өтелбай мәдени іс-шараларға тоқталды.

— Республика күніне арналған онкүндік басталды. 20 қазанда Теміртау қаласында патриоттық ән байқауы мен музейлік квест өтеді. Ал 21 қазанда облыстық балалар кітапханасында әдеби-музыкалық кеш ұйымдастырылады. 20-23 қазан аралығында «Сарыжайлау» кинотеатрында тақырыптық бейнероликтер көрсетіледі. 25 қазанда Теміртауда балалар мен жасөспірімдер театры спектакльдер қояды. 26 қазанда арнайы форматтағы мәдени кештер өтеді. Басты іс-шара — 24 қазанда сағат 16.00-де С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театрында өтетін салтанатты жиын. Концертте еліміздің тарихи жолы мен бірлік идеясы көрініс табады. Бағдарламалық театрландырылған қойылымдар, патриоттық әндер мен би назарға ұсынылады. Концертке Ренат Ғайсин, Секен Тұрысбеков, «Алашұлы» тобы, Рухия Байдүкенова, Ербол Тәжібаев, Айгерім Бекетаева және Ғалымжан Нұрхамед қатысады. Мерекелік шаралар барлық санаттағы тұрғындарға, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолжетімді форматта өткізіледі, — деді Ғалымжан Өтелбай.

Айта кетер жайт, Республика күні сағат 11.00-де облыстың қалалары мен аудандарының орталық алаңында ел Әнураны шырқалып, мемлекеттік Ту көтеріледі.





Халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту және еңбек саласындағы әділеттілікті қамтамасыз ету, еңбек нарығын сапалы трансформациялауға бағыттау – Президент айқындаған мемлекеттік әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттарының бірі.

Мемлекет басшысы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында «Әлеуметтік жағынан әлсіз топтағы азаматтарға қолдау көрсетеміз. Мүмкіндігі шектеулі жандарға да көмектесеміз», – деп айтқан болатын. Сондай-ақ Ата Заңымыздың 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады» деп тайға таңба басқандай жазылған. Елдегі әлеуметтік саясат азаматтарды іргелі құқықтарын қамтамасыз етеді. Яғни, әлеуметтік мемлекет – бар байлығын тұрғындарының тұрмысын жақсартуға, білім алуына мүмкіндік жасауға, денсаулық сақтау саласын жоғары деңгейде қолдауға арнайтын мемлекет. Бұл тұрғыда көпбалалы отбасылар, жалғызбасты ата-аналар,

# ӘЛЕУМЕТКЕ КӨМЕК ӘЛ-АУҚАТҚА СЕБЕП

биыл бірінші тамызға дейін елімізде 5,2 миллион адамға жалпы сомасы 4,1 триллион теңге көлемінде әлеуметтік төлем төленген болса, Ақтөбе облысында 281 мыңнан астам тұрғынға 180 миллиард теңге көлемінде зейнетақы мен жәрдемақы берілген. Сонымен қатар облыс көлемінде атаулы әлеуметтік көмек көрсету, инклюзивті орта қалыптастыру, оналту қызметтері, халықты жұмыспен қамту, еңбек қауіпсіздігі мәселелері төңірегінде ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Облыстық Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Ләззат Оразбаеваның айтуынша, аймақта 2024-2029 жылдарға арналған еңбек нарығын дамыту тұжырымдамасы аясында еңбекке қабілетті азаматтарды қолдауға ерекше көңіл бөлініп отыр. Жылдың 8 айындағы қорытынды бойынша өңірде 22 770 адам жұмыспен



**Биыл Қазақстанда 51 мыңнан астам отбасының 274 мыңнан астам мүшесіне атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) тағайындалыпты. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметі бойынша, биыл АӘК бағдарламасын іске асыруға мемлекеттік бюджеттен 98,4 миллиард теңге қарастырылған. 1 қазандағы жағдай бойынша қосымша төлем АӘК алушылар арасындағы 84,6 мың мектепке дейінгі жас балаларға тағайындалған және жалпы төлем сомасы 3,2 миллиард теңгені құраған.**

адам жана жұмыс тапты, — деді ол.

Аймақта азаматтардың әл-ауқатын жақсарту, атаулы көмек жүйесінің әділдігін арттыру, қызмет сапасын көтеру және инклюзивті қоғам қалыптастыру бағыты басты басымдыққа ие. Әсіресе, инклюзивті қоғам қалыптастыру, ерекше қажеттілігі бар адамдарды қолдау Ақтөбе облысы бойынша әлеуметтік саясаттың негізгі бағыты саналады. Бүгінде ерекше қажеттілігі бар адамдарды арнайы оналту құралдарымен және арнаулы әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз ету жұмыстары автоматтандырылған түрде әлеуметтік қызметтер порталы ақпараттық жүйесі арқылы жүргізіледі. Дегенмен әлеуметтік қолдау тек жәрдемақы берумен шектелмейді.

бастап іске қосылған Әлеуметтік қызметтер порталы осы көмектерге қолжетімділікті барынша жеңілдеткен.

— Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы әрбір мұқтаж адам өз қажеттілігіне сай оналту құралын таңдай алады. Биыл осы портал арқылы 25 236 адамды қамту көзделсе, соңғы он айда 20 115 адам қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған. Бұл — құрғақ статистика емес, мыңдаған адамның өміріндегі нақты жеңілдік. Мәселен, протездік-ортопедиялық көмекке мұқтаж 4 632 адамның 3 152-сі қажетті қолдау алды. Міндетті гигиеналық құралдарға зәру 9 025 адамның 8 504-і қамтамасыз етілді. Ал санаторий-курорттық емге мұқтаж 7 208 азаматтың 4 593-і осы қызметті пайдаланды, — дейді ол.

Ал облыстағы ерекше қажеттілігі бар адамдарды жұмыспен қамту бағытында да тиімді жұмыстар қолға алынған. Мәселен, биыл 10 айда мүгедектігі бар 1 131 адам жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тартылған болса, олардың 319-ы тұрақты жұмысқа орналастырылып, 336-сы субсидияланған жұмыс орындарына жіберілген. «Бастау-Бизнес» жобасы арқылы 367 азамат кәсіпкерлік негіздерін оқыса, 27-сі қысқамерзімді кәсіби курстарға қатысқан, 82 адам жаңа бизнес идеяларды іске асыру үшін грант алып, 53 адам арнайы белгіленген квота бойынша жұмыс тапқан.

Елімізде ерекше қажеттілігі бар адамдардың құқықтары мен мүдделерін және әлеуметтік қорғаудың көпдеңгейлі жүйесі қалыптасқан. Ол Әлеуметтік кодекс аясында жүзеге асырылады. Әсіресе, кедергісіз орта қалыптастыру негізгі бағыттардың бірінен саналады. Мүгедектігі бар жандардың қоғамдық өмірге еркін араласуы, білім алу және медициналық қызметке қол жеткізуі барысында оларды арнайы көліктермен қамтамасыз етудің маңызы зор. Осы бағытта Ақтөбе облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы 2005 жылдан бері жүріп-тұруы қиын І және ІІ топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін «Инватакси» қызметін іске қосқан-ды. Арнайы көліктер мүмкіндігі шектеулі жандарды медициналық мекемелерге, оқу орындарына, вокзалдар мен әлеуметтік нысандарға тегін жеткізеді. Басқарманың ресми ақпаратына сүйенетін болсақ, бүгінде аймақтың «инватакси» қызметінде 121 автокөлік бар, оның 10-ы арнайы жабдықталған. Биыл 1 314 адам осы қызметтің көмегіне жүгінген.

Сондай-ақ елімізде жыл сайын қиын өмірлік жағдайларға тап болған әлеуметтік осал отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек көрсетіледі. Биыл Қазақстанда 51 мыңнан астам отбасының 274 мыңнан астам мүшесіне атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) тағайындалыпты. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметі бойынша, биыл АӘК бағдарламасын іске асыруға мемлекеттік бюджеттен 98,4 миллиард теңге қарастырылған. 1 қазандағы жағдай бойынша қосымша төлем АӘК алушылар арасындағы 84,6 мың мектепке дейінгі жас балаларға тағайындалған және жалпы төлем сомасы 3,2 миллиард теңгені құраған.

Дегенмен Ақтөбе облысында атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алушылар саны азайғанға ұқсайды. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметі бойынша, 2024 жылы Ақтөбе облысында атаулы әлеуметтік көмекті 16 011 адам немесе 3 055 отбасы алған. Бейінді ведомствоның есебіне, бұл 2023 жылмен салыстырғанда, көмек алатын отбасылар саны 1 284 отбасыға немесе 6,5 мыңнан астам адамға азайғанын көрсетеді.

Жалпы алғанда, атаулы әлеуметтік көмектің негізгі мақсаты аз қамтылған отбасыларды кедейліктен шығару үшін еңбекке ынталандыру және жұмысқа жарамды азаматтарды жұмыспен қамту шараларына тарту екенін ескерсек, бұл мақсатта жүзеге асырылған жұмыстардың нәтижелі болғанын байқауға болады.

Тілек ҚАБЫЛ

Сатып алууды ұйымдастырушы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (бұдан әрі - Университет).

Мекенжайы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан. Байланыс телефоны: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62

Сатып алу әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» регламентінің (бұдан әрі — Регламент) 23-бабы f) негізінде ашық конкурс тәсілімен Университеттің жанұялық жатақхана ғимаратының 1-№201, 1-№301, 3-№301, 4-201 пәтерлеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын сатып алу.

Сатып алуға қатысу шарттары: Жұмыстарды орындау мерзімі 20 күнтізбелік күн. Сатып алуға қатысушылар Университет Регламентінің 23-бабы f) сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуы қажет.

1. әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы (құжаттары);

2. әлеуетті өнім берушінің бухгалтерлік балансы немесе оның талап етілген бөлімдері, егер жоқ болса, оған теңестірілген өзге де құжаттары;

3. әлеуетті өнім берушінің орындаған жұмыс көлемін растайтын жалпы табысы туралы анықтамасы немесе сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты орындау саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;

4. Кәсіби және техникалық біліктіліктерін анықтау үшін келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі: әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркеле отырып, жұмыс істеуге Қазақстан Республикасының Рұқсаттар туралы заңнамаларының талаптарына сай 2-санаттан кем емес рұқсат құжаты болуы және баға ұсынысын жасауға құзыреттілігін растайтын құжаттары; Баға ұсыныстарын беру кезеңінде ҚҚС төлеуші болып табылған жағдайда ҚҚС төлеуші екендігін растайтын құжаттарын қоса ұсына отырып, баға ұсыныстарының шегінде ҚҚС қоса есептеп ұсыну қажет.

5. әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік немесе жеке секторда шарт негізінде осы немесе осыған ұқсас жұмыстарды атқарғанын растайтын құжаттары, атап айтқанда соңғы он бес жыл ішінде уақытша қабылданған құрылыс жұмыстары мен толық қабылдау процедуралары аяқталған құрылыстарға қатысты қызмет көрсету саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (жұмыстың орындалу мерзімі мен көлемі әкімшілік өзіндік ерекшелікте көрсетілгені жөн);

6. әлеуетті өнім берушінің ұйымдық құрылымы толық көрсетілген және өткізілетін сатып алуудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін тиісті біліктілікке ие қызметкерлерінің және өткізілетін сатып

алудың нысаны болып табылатын қызметті көрсету немесе құрылыс жұмыстарын орындау саласындағы әкімшілік (басқарушы) қызметкерлерінің құрамы мен техникалық қызметкерлерінің кәсіби білімі мен біліктілігін растайтын құжаттары;

7. өткізілетін сатып алуудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстарының бар екендігін растайтын құжаттары;

8. әлеуетті өнім берушінің тікелей қарамағында немесе одан тыс мекемелерде жұмыс істейтін, сапаны тексеруге жауапты техникалық қызметкері немесе техникалық ұйымдары туралы құжаттар;

9. құжаттардың ішінде құрылыс және осыған қатысты жұмыстарды сатып алу бойынша құрылысты бақылау немесе басқару қызметтеріне жұмысқа қабылданатын жеке тұлғалардан инженер немесе саулетші мамандығының иесі екенін растайтын құжаты талап етіледі.

Бұдан басқа, жұмыстарды орындау барысында, мекеме қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардағы қауіпсіздік, техникалық қауіпсіздік шаралары, әлеуметтік қорғалуы талаптарының қамтамасыз етілгендігін нақтылау үшін еңбек заңнамаларына сәйкес үлгілік еңбек шартын ұсынуы қажет. Жұмыстарды орындау барысында, дәнекерлеу, электр монтаждары жұмыстарын орындау қажеттілігі туындаған жағдайда, аталған жұмыстарды орындайтын қызметкерлерінің 3-санаттан кем емес рұқсат құжаттары болуы қажет.

10. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының көм дегенде 5%-ы мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі қажет; Тапсырыс беруші: Қожа Ахмет Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В, БСН 990440008043, HSBKKZKX KZ436010291000010707, «Қазақстан ХалықБанкі» АҚ.

Сатып алынатын жұмыстардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz> сайтының хабарландыру парақшасынан және/немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203 кабинеттен алуға болады.

**Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:**  
Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, тізімделіп, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203 кабинетте қабылданады.

**Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 30.10.2025ж. (12:00), 201 кабинет.**

23 ҚАЗАН 2025 | БЕЙСЕНБІ



# ЗАМАНАУИ ӨНЕРДІҢ ЗАҢҒАРЫ

Республика күні қарсаңында елордада алғаш рет Astana Art Fair халықаралық заманауи өнер көрмесі өтпек. Іс-шараға еліміздегі талантты жандардың жұмысынан бөлек, әлем деңгейіндегі суретшілердің өнер туындысы қойылады. Оған қоса, пікірталас алаңы, шеберлік сағаты мен арнайы әлеуметтік жобаның да куәсі боласыз.

## ЖӨНІ БӨЛЕК ЖОБА

Astana Art Fair мәдени бастамасы креативті экономика мен арт-нарықты дамытуға, сондай-ақ жастардың жаһандық идеямен танысуына жағдай жасайды. Тәжірибе алмасуға таптырмас алаң екені тағы бар. Биыл көрмені қала әкімдігінің қолдауымен Утұрақ бірлестігі ұйымдастырған. Іс-шара «Болашақтың тамырлары» /Future Roots/ «Корни будущего» тақырыбында өтеді. Жобаның бастамашысы Утұрақ қоры 2024 жылы Қазақстандағы заманауи өнерді, мәдениетті және білім беруді жүйелі қолдау, сондай-ақ елімізді халықаралық мәдени кеңістікке интеграциялау мақсатында құрылған.

Тақырып жаңа мәдени импульс беретін, болашақтың бастауына айналар идея төңірегінде топтасуды үндейді. Айталық, мұндай мәдени шаралар көбейсе, Астана жергілікті және



жаһандық бастамалардың жаңа мәдени хабына айналуы мүмкін.

Галереяға қатысушылар қатарында Орталық Азия, Ресей және Қытай елінің танымал авторлары мен жаңа есімдері бар. Олар сарапшылар тандаған 200-ден астам өнер туындысын ұсынады. Оның ішінде кескіндеме, инсталляция, NFT және арт-видеолар бар.

Валерия Ибраева, Нелли Шиврина, Юлия Сорокина, Әсел Ахметжанова, Christianna Bonin, Нормурод Негматов сияқты майталман сарапшылар дәріс оқиды. Балалар да, ересектер де керектің табар бағдарлама түзілгені тағы бар. Сондай-ақ британдық жоғары дизайн мектебінің оқытушысы Галина Кобзеваның эксперименттік акварель кескіндемесі бойынша воркшоптар сериясы өтеді. Анвар Мүсірепов, Ардақ Мұқанова, Мансұр Смағамбетов, Наталья Андакулова, Валентина Кузина, Анастасия Волкова, Альбина Закируллина және басқасының қатысуымен паблик және

артист-толк, яғни шығармашылық кездесу ұйымдастырылады.

Іс-шарада инклюзия тақырыбына ерекше назар аударылған. Мүмкіндігі шектеулі келушілерге, сондай-ақ есту және көру қабілеті бұзылған қонақтарға жағдай жасалады.

— Astana Art Fair — коллекционерлердің, жас және танымал суретшілердің кездесіп, көзқарасы мен танымын таныстырып, жұмысын халықаралық алаңда ұсына алатын және кәсіби байланыс орнатуына мүмкіндік беретін платформа болады деген үміттенеміз. Жалпы, жұртшылық үшін аталған іс-шара заманауи өнер әлемімен жақынырақ танысуға, жаңа есімдерді естіп, өзінізге ұнайтын туындыны сатып алуға мүмкіндік береді, — деп атап өтті ұйымдастырушылар.

## ЖАСТАРҒА ТАПТЫРМАС МҮМКІНДІК

Мысалы, Батыс Қазақстаннан келген мәдени продюсер әрі куратор Әсел Ахметжанова «Куратор болу нені білдіреді?» атты дәріс өткізеді. Кездесуде қазір куратор сөзінің ауқымы кең екенін, жай ғана көрме ұйымдастырушы емес, мағына мен контекст қалыптастыратын, тақырыпқа жан бітіре алатын тұлға екеніне тоқталады. Тәжірибесі жайында айтып, зерттеу жұмысы туралы ой өрбітеді.

Одан бөлек, профессор Ғайни Мұхтарованың «Қоянды жәрменкесінің мәдени мұрасы» туралы дәрісі бар. Қазақстан суретшілер одағының мүшесі 1848-1928 жылдар аралығында өткен бұл жәрменке сауда ғана емес, өнер мен мәдениеттің нағыз мерекесіне айналғанын баяндайды. Оның айтуынша, мұнда атакты сал-серілер, палуандар, шеберлер мен өнерпаздар бас қосқан. Ақан сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Жаяу Мұса, Естай, Мәдилей дара тұлғалар өз өнерін паш еткен. Сол үшін дәрісте Қоянды жәрменкесінің мәдени маңызына, онда өнер көрсеткен тұлғалар тарихына, жәрменкенің қазақ өнері мен дәстүріне ықпалы жайында білесіз.

Қызығы сол, Independent Voices бөлімінде тәуелсіз суретшілер жұмысына ден қойылады. Көрмеде 29 жаңа есім жұмысын таныстырып, еркін көсіледі.

— 2017 жылдан бері біз заманауи өнерді дамыту мен арт-менеджмент бағытында жұмыс істеп келеміз. Отандық және шетелдік суретшілердің қатысуымен көрме, арт-фестиваль мен өзге де іс-шара ұйымдастырамыз. Сонымен қатар ауқымды әрі халықаралық жобаны жүзеге асырып, кеңес беру қызметін де ұсынамыз. Бұған дейін қазақстандық және халықаралық заманауи елуге жуық көрме, танымдық бағытта жүздем астам іс-шара өткіздік. Ауқымды инсталляция мен қаладағы муралдарды қоса алғанда паблик-арт жобасы іске асырылды. 2022 жылы наурызда Дубай қаласында Әділ Әубәкіровтың жеке көрмесі өтті. Мұны баспасөз БАӘ-дегі жылдың үздік бес көрмесі қатарына енгізді, — деді TSE Atr Destination өкілі.

Айбике ЖАНАСЫЛ

# ҚАЛАМ МЕН ҒЫЛЫМ ТОҒЫСҚАНДА



Жақында филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Гүлмира Әшірбекованың «Асқар Тоқмағамбетовтің публицистикасы» атты монографиясы оқырмандарға жол тартпақ. Асқар Тоқмағамбетов шығармашылығы сан салалы: ол – ақын, аудармашы, сатирик, драматург және публицист. Ендеше бұл еңбек – қаламгердің публицист ретіндегі даралығын зерттеуге арналған көп жылдық ғылыми ізденістердің жемісі.

Кітап авторы — ғалымдықпен қатар ұстаздықты жанына серік еткен жан. Қашан көрсен де қайнаған іс басында жүреді. Түн баласы ұйқы көрмей дайындаған дәрісін шәкірттері алдында

ерекше ықыласпен оқып тұрады. Оқytудың инновациялық жаңа әдістерін қолданады, медиа зерттеудің жаңа түрлерін студенттермен бірге іске асырады. Сабақ үстінде әр білім алушыға паракша ашқызып, пост жаздырады, оны әлеуметтік желілерге сол сәтінде салдырады, қаралым жинаудың тиімді әдістерін іс жүзінде көрсетеді, үйретеді. Осылайша, журналистке тән еркін шығармашылықты, жеделдік пен ұшқырлықты шәкірттер бір дәрісте-ақ меңгереді.

Бір қарасан, әріптестері арасында білім бағдарламаларын заман талабына сай жаңарту, бүгінгі нарық сұраныстарын ескере отырып жаңа пәндерді енгізу туралы ұсыныстарын айтып, дәлелдеп отырады. Айтып қана қоймай, бүкіл құжаттарын реттеп, заңдастырып, келесі оқу жылында сол жаңа білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларды қабылдауды бастап та кетеді. Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың Журналистика және әлеуметтік ғылымдар факультетіндегі «Медиаөнер» бакалавр мен магистратурасы, «Цифрлық медиакоммуникация» білім беру бағдарламалары осындай жанкешті еңбекпен жасалған. Мұндай телегей-теніз еңбектің авторы — Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының меңгерушісі, қауымдастырылған профессор Гүлмира Шайтмағамбетқызы.

Ол қазақтың білімі мен ғылымының қарашанырағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Журналистика факультетінде үш курс жоғары оқыды. Ғылыми ізденістеріміз қатар жүрді, кандидаттық диссертациямызды бір жылы қорғадық. Қаншама сараптаудан өтіп, министрлік бекітетін ғылыми жұмыс жазудың қиындығы мен қызығын сол жолдан өткендер жақсы біледі. Жаңа туған сәбиін ата-анасына

қалдырып, басқа қалада диссертациясын жазуына тура келді. Барлығы сәтті аяқталды.

Жас ғалым-оқытушы ретіндегі қызметін туған жері — Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінен бастады. Сол жерде талай жылдан бері ұстаздық етіп келе жатқан аға буын әріптестермен тәжірибе алмаса жүріп үйренді. Біреуін ұстаз, екіншілерін дос тұтты, басқаларымен сыйласа. Өзін өнеге тұтатын шәкірттер қатары көбейді. Қарым-қатынаста әркез мәдениетті, қандай қызметте болса да, қандай даулы мәселе талқылана да ешқашан біреуге дауыс көтеріп, көңілге тиер сөз айтқанын көрген де, естіген де емеспіз.

Қызылорда облысында журналистік білім берумен ғана шектелмей, аймақтық БАҚ пен медианы дамытуға, яғни журналистиканың тәжірибесіне зор үлес қосты. Аймақтың имиджіне әсер ететін қоғамдық-мәдени іс-шараларға белсене атсалысты.

Қандай жұмысты қолға алсаң да, жан-төнімнен беріле істеу ғана нәтижеге жеткізері хак. Бұл тұрғыдан Гүлмира Шайтмағамбетқызы үнемі ізденіс, даму үстінде. Жаңа шыққан кітаптарды арнайы алдырып оқып, баспасөз бен әлеуметтік желілерді шолу — күнделікті әдеті.

Ұстаздық — ата-анасынан жалғасып келе жатқан, қанға сіңген қасиет. Өзімен қоса, бауырлары да білім беру саласын тандап, ата-ана үмітін жалғады. Жұбайы Талғат екеуінен өрбіген ұл-қыздары да заман талабына сай керекті мамандықтар игеріп, еліміздің дамуына зор үлес қосып келеді.

Ғалия АҚСЕЙІТ,

Л.Гумилев атындағы ЕҰУ

Журналистика және әлеуметтік ғылымдар факультетінің қауымдастырылған профессоры

## РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ ОРАЙ КЕШ ӨТТІ

Астанадағы Музыкалық жас көрермендер театрында «Бақытым – сен, байтақ ел!» атты Республика күніне орай мерекелік кеш өтті.



Қала әкімдігінің хабарлауынша, шараны Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мен Халықаралық QAZAQ TILI қоғамының Астана қалалық филиалы, «Руханият» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ұйымдастырды.

Кештің басты мақсаты — тәуелсіздік идеясын, ұлттық құндылықтар мен рухани сабақтастықты өнер тілі арқылы насихаттау, өскелең ұрпақтың елге, жерге деген құрметін арттыра отырып, патриоттық сезімін ояту.

Шара барысында Алаш арыстарына арналған қойылымдар көрсетіліп, елордалық қаламгерлер өлеңдерін оқып, дәстүрлі әндер шырқалды.

Сахна төрінде еліміздің еңбек сіңірген қайраткері Ерлан Рысқали, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Асқар Мұқият, дәстүрлі әнші Перизат Тұрарова, ерекше дауыс иесі Өзгеріс Шерікбай және елордалық талантты ақындар өнер көрсетті.

## ОҚУШЫЛАР «АТАМЕКЕН» ӘНІН ШЫРҚАДЫ

Республика күніне орай және «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы аясында Мемлекеттік рәміздер алаңында ауқымды флешмоб өтті, оған қатысушылар «Атамекен» әнін орындады.

Іс-шараға елордалық мектептердің 1 500-ден астам оқушысы қатысты. Флешмоб өскелең ұрпақтың бойында азаматтық бірегейлікті, тәуелсіз Қазақстанның Мемлекеттік рәміздері мен дәстүрін құрметтеуді қалыптастыруға бағытталған.

Орындау барысында қатысушылар Қазақстанның жас буынының бірлігі, достығы мен ашықтығының символы — ашық алақан бейнесін жасап, бес қатарға тұрды. Бұл алақан жылулық пен қолдаудың бейнесіне айналды, өйткені елдің күші жүректердің бірлігінде туады.

Сонымен қатар Астананың барлық мектебінде осындай флешмоб өтті, оқушылар «Менің Қазақстаным» акциясын қолдап, патриоттық композицияны орындады.

Жалпы, айтулы күнге орай Астанада 150-ге жуық мәдени-бұқаралық, білім беру, спорттық және әлеуметтік іс-шаралар жоспарланған. Олардың арасында мерекелік концерт, көрме, дөңгелек үстел, ұлттық спорт түрлері бойынша турнир мен тағы басқасы бар.

## ЕЛОРДА ЖАСТАРЫ ЧЕЛЛЕНДЖ БАСТАДЫ

Республика күнін мерекелеу қарсаңында елорда жастары «Менің Қазақстаным» атты акция бастады. Жастар үйлердің балқонына көк Туымызды іліп қойды, елорда көшелерінде 1 000-ға жуық Ту ілініп тұрғаны тағы бар.

Патриоттық акция жыл сайын өткізіледі. Бұл акция елорда көшелеріндегі жүрген астаналықтар мен қала қонақтарына жүрек тебірентер әсер сыйлады. Астаналықтар акцияға қосылып жатыр.

«Жыл сайын отбасымызбен осы челленджге қатысамыз, балқонға Ту іліп қоямыз. Бұл қарапайым әрекет, бірақ символдық мәні бар. Қаладағы ілініп тұрған туларды көргенде, елің үшін мақтаныш сезімі кернейді», — деді Сарыарқа ауданының тұрғыны.

Одан бөлек, әртістер мен мәдениет қайраткерлері де халықты Республика күнімен құттықтап, челлендж бастады. Оған спортшылар да қосылды.



AMANAT  
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назгүл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Банн ЖАНЗҰАҚ –  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklaama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4658

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 Б  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,